Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№1 (1368)
28 қаңтар
2009 жыл

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



**Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры:**

## ҚАРАШАҢЫРАҚ МЕРЕЙТОЙЫ ЕНДІ БАСТАЛДЫ

*Құрметті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымы, біз 15 қаңтарда мерейтойлық жылды аштық. Сіздерді университетіміздің 75 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!*

Білім мен ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М. Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Шынында, ойлы көзбен, сергек сезіммен қарасаң, киелі шаңырақтан 75 жыл ішінде небір айтулы азаматтар қанаттанған екен.

Зиялы қауымның ой-өрісі халықтың қамын бірінші кезекке шығарып отырғаны белгілі. Қазақтың мүддесін биіктен қорғаған, сауатсыздықты жоятын мектептермен ғана шектеліп қоймай, жоғары оқу орындарын ашуды мақсат етіп алға қойған Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Халел Досмұхамедов, Әлихан Бөкейхановтарды ерекше атауға тиістіміз. Олар ұлы ұрпағы өз жерінде өзгелермен терезесі тең дәрежедегі мамандық алуы тиіс деп орнымен дабыл қаққан. Сөйтіп, университеттің ашылуына күш салған.

«Ел – бүгінгіл, менікі ертеңгі үшін» деп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, бүгінгіге емес, ертеңіне зейін қойған сол азаматтардың тілек-талабы ескеріліп, 1933 жылдың 20 қазанында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесі «Қазақстан үшін кадрлар дайындау туралы» деген арнайы қаулы қабылдады. Сол құжат негізінде Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін құру туралы шешім шығады. 1934 жылдың 15 қаңтары Қазақ мемлекеттік университетінің ашылған күні болып белгіленіп, алғашқы директорлыққа Федор Трофимович Оликов тағайындалды. Физика-математика, биология факультеттерінде сабақ басталды. Елдік істі елге жеткізетін қазақ журналистика институтын университетке қосып, 1941 жылы жаңа гуманитарлық-журналистика факультеті құрылған екен. Содан бері де 70 жылдай уақыт өтті. Отызыншы, қырқыншы жылдардағы қилы кезендер бұл оқу орнын да айналып өтпепті. Біз сол ауыр кездегі болаттай берік топтасқан азаматтарға, әсіресе ұстаздарға қарыздармыз. Олар аштықты, қуғын-сүргінді басынан өткере жүріп, өздерінен кейінгілерге даңғыл жол ашты. Халқына еткен қызметтерін теріске шығарған 1937 жылғы зобалаң талай арыстарды құрбандыққа байлады.

Университеттің қиын-қыстау уақытына ой жіберсең, біраз тарихи оқиғаларға куә боласың. 1946-1947 оқу жылы оқытушы-профессорлар құрамы 147 адамға жеткен. 1949 жылы философия және экономика факультеттері ашылды. 1948-1953 жылдары филология факультеті логика және психология бөлімі негізінде құрылыпты. Әр жыл жылжыған сайын университеттің материалдық-техникалық базасы нығая түседі. Жоғары білім алуға талпынған жастарға жағдай жасау мақсатында 1959-1965 жылдары ғимараттар кешені, жатақханалар, оқытушыларға арналған екі тұрғын үй салу қарастырылады.

Ұлттық университетке 1970 жылы ғалым, қазақ ақыл-ойының көрнекті өкілі, академик Өмірбек Жолдасбеков ректор болып келді. Оның беделінің, қуаты мен табандылығынын арқасында университет қалашығының құрылысына қосымша көп қаржы бөлінді.

*(Жалғасы 3-бетте)*

## ҚазҰУ-да өткен ЕҰУ күндері

**Ғылым тарландарын дайындап, ұлттық білім шаңырағын шайқалтпай бик асуларды бағындырып келе жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 15 қаңтарда табаны күректей 75 жылды алқымдады. Қарашаңырақтың атаулы мерейтойы тек университеттің емес, бүкіл қазақ елінің мерекесі десек те болады. Қазақ зиялыларының ізі қалған бұл білім ордасының мерейтойы еліміздің ел ордасы Астанадан келген Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ күндерінің аталып өтуімен бастау алды.**



Салтанатты шара қос білім ордасының ректорлары, т.ғ.д., академик Б.Т.Жұмағұлов пен з.ғ.д., профессор Б.Ж.Әбдірайымовтың әл-Фараби ескерткішіне гүл қойып, тағзым етуінен басталды. Тағзымнан кейін көпшілік Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайына адымдады. Сарайдың бірінші қабаты ЕҰУ-дың өткені мен бүгінін айқындайтын көрмеге арналған. Ал екінші қабаты ҚазҰУ-дың 75 жылдық тарихына арналған көрмемен айшықталған. Қос университеттің басшылары бұл көрменің лентасын қиып, бұдан кейін қонақтар конференц залға қадам басты. ҚазҰУ-дың ректоры Б.Т.Жұмағұлов алғаш сөз алып: "Құрметті әріптестер, ұстаздар, студенттер, ЕҰУ ұжымы, қасиетті қарашаңырақтың туған күні құтты болсын! Бұл күн тек ҚазҰУ-дың туған күні емес, қазақ білімінің ерекше күні. Себебі, ҚазҰУ-дың ел ғылымына қосқан үлесі ұшан теңіз. Осы шаңырақтың түлектері бүгінде қазақ элитасын қалыптастырып отыр. Ал ҚазҰУ беделінің асқақтай түсуіне әрбір ұстаз, профессор, қызметкер, студент ерен еңбек етіп келеді. Сіздерге үлкен алғыс айтамын. Бұл университет сонау қиын кезендерде қабырғасы қаланып, содан бері талай түлектерді қанаттандырды. Бүгінде елімізге беделді, әлемге танымал университетке айналып отырмыз" -деп тұжырымдады. Ал өз кезегінде сөз алған ЕҰУ-дың ректоры Б.Ж.Әбдірайымов: "Бүгінгі кездесу білім саласында өзара тәжірибе алмасудың сәтті күні деп есептеймін.

*(Жалғасы 2-бетте)*


БҮГІНГІ санда:



Өркен
Газет ішіндегі студенттер газеті
5-9-беттер

ПОЛОЖЕНИЕ о Большой золотой медали «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін»



11-бет

Дәуір сабақтастығы



12-бет

■ Ақпарат

# ҚазҰУ-да өткен ЕҰУ күндері



ЕҰУ алғаш бой көтергенде ҚазҰУ-дың профессор-педагог құрамының еңбегі ерекше болды. Бұл шара ЕҰУ үшін үлкен қолдау. Сол үшін сіздерге алғысымыз шексіз"- деп ойын алғыспен түйіндеді. Қос университеттің ұжымы жиналған бұл жиында ғалымдар өз кезегімен сөз алып, қарашаңырақты туған күнімен құттықтап жатты. Солардың бірегейі ф.ғ.д., профессор, Ақселеу Сейдімбек: "Шынымды айтсам, мен толқып тұрмын. Осы университеттен түлеп, үлкен өмірге жолдама алғаныма дәл биыл аттай 40 жыл болған екен. Осы бір киелі шаңыраққа өзімнің қаншалықты қарыздар екенімді сезіне түскендеймін. Сондықтан да, осыдан қырық жыл бұрынғы шәкірттік сезіммен алтын ұямның аясында тұрып алдарыңызға басымды иемін. Қасиетті қарашаңырақ, туған күнің құтты болсын!" деген тебіренісін жеткізді. Сонымен қатар, ҚР ЖОО қауымдастығының президенті Рахман Алшанов ҚазҰУ ректоры Б.Т.Жұмағұловты Ахмет Байтұрсынов атындағы "Еліміздің жоғары білімін дамытуға қосқан зор үлесі үшін" атты алтын медальмен марапаттады. ЕҰУ ректоры Б.Ж.Әбдірайымов мерекеге орай, ҚазҰУ-дың құрдас профессорларына ЕҰУ-дың "Естелік медалін" табыс етті. Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың үздік студенттеріне бірмерзімді арнайы шәкіртақы тағайындады. Астаналық әріптестерін ҚазҰУ да құр қол қайтармады. ЕҰУ-дың профессорлары Ә.Сарсенова, М.Бөтелбаев, Р.Нұрғалиев, А.Сейдімбек, Қ.Салғара сынды ғалымдарға ҚазҰУ-дың "Естелік медалін" табыс етіп, ЕҰУ-дың бакалавриаттарына 5 магистратуралық грантын тағайындады. Тағылымы мол бір күндік кездесудің соңы мерекелік концертпен қорытындыланды. Астаналық студенттердің қонаққәделері Алтынай Жорабаеваның орындауындағы "Астана" әнімен бастау алып, ары қарай ЕҰУ студенттерінің өнерімен жалғасты. Қонақтарына алғыс айтқан ҚазҰУ студенттері өз өнерлерімен қарымта жасады. Көңілді кештің көзайымына айналған "Бақыт" тобы би билеп, әнші студенттер ән салды. Әнші Мәдина Садуақасова сарай ішін көтеріңкі көңіл күйге бөлесе, Роза Рымбаева "Қазақ елі" әнін орындап патриоттық рухпен серпілтіп, көңіл күйді шыңға шығарды. Еліміздің білім шаңырақтары осылайша достық діңгегін нығайта түсті.

**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**

# Наступивший 2009 год – особенный, Юбилейный!



**Дорогие коллеги, 2008 год ознаменовался яркими и запоминающимися событиями в жизни нашего университета, которые во многом связаны с приходом команды управленцев новой формации во главе с ректором академиком НАН РК Б.Т.Жумагуловым.**

Коренным образом изменилась система топ-менеджмента, разработаны Стратегии развития университета и факультетов на 2009-2011 годы в свете поручений Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева, дальнейшее развитие получила кредитная технология обучения, реально заработала система ИНТРАНЕТ, внедрен институт эдвайзеров, в значительной степени улучшена материально-техническая база факультетов, поднята на должный уровень воспитательная работа среди студенчества... И это далеко не полный перечень важных дел и событий, которые произошли в университете в прошедшем году.

Преподаватели и студенты биологического факультета с первых дней поддержали преобразования, происходящие в университете, и активно включилась в работу по реализации поставленных задач. Во многом благодаря высокой квалификации и компетенции ППС, сложившимся научным школам, здоровому морально-психологическому климату, коллектив нашего факультета справился с требованиями новой академической политики, быстро адаптировался к изменившимся условиям управления университетом, в значительной степени повысил исполнительскую дисциплину, принимал активное участие во всех мероприятиях, проводимых на уровне университета. По результатам проводимого рейтинга среди факультетов по итогам 2008 года биологический факультет занял первое место. Поздравляю родной коллектив с победой и желаю дальнейших творческих успехов!

Наступивший 2009 год – особенный, Юбилейный! Предстоит еще больше трудиться, ведь нас ждут интересные и очень важные события: международная аккредитация образовательных программ, участие в конкурсе проектов фундаментальных и прикладных исследований на предстоящее трехлетие, организация и проведение международной научной конференции «Биологическое разнообразие и устойчивое развитие природы и общества», олимпиады по биологии среди школьников, открытие обновленных экспозиций в биомузее, проведение Дня биолога с участием выпускников разных лет и много других мероприятий, направленных на дальнейшее развитие факультета и университета.

От всей души поздравляю преподавателей, студентов и всех сотрудников университета с 75-летием Alma Mater и желаю здоровья, бодрости духа, мобильности, новых достижений!

**Т.М.ШАЛАХМЕТОВА,**
**декан биологического факультета**

■ С юбилеем!

# Нам шлют свои поздравления...

**15 января широко отмечалось в казахстанских СМИ как день рождения Казахского национального университета имени аль-Фараби. Для ведущего национального университета страны, отмечающего в этом году свое 75-летие, это стало своеобразным стартом юбилейного года.**

В эти дни на имя ректора Бакытжана Жумагулова приходят многочисленные письма из самых разных регионов страны и мира. Нам пишут выдающиеся государственные и общественные деятели, министры и послы Казахстана и зарубежных стран, депутаты Парламента Республики Казахстан, писатели, ученые, деятели культуры, а также ректоры казахстанских и зарубежных вузов. Они поздравляют университет со знаменательной датой – 75-летием.

В частности, свои поздравления и пожелания университету прислали министр образования Китая **Чжоу Цзи, Командующий Республиканской гвардией генерал-лейтенант Абай Тасболатов,** посол Республики Казахстан в Японии **Акылбек Камалдинов,** депутаты Парламента РК, акимы областей, ректоры высших учебных заведений и многие другие. И конечно же, очень много поздравлений поступа от студентов. Примечательно, что среди них не только студенты КазНУ, но и студенты из других вузов республики.

**Пресс-служба КазНУ**

# ҚазҰУ жетістігі – ұлт мақтанышы

***Құрметті университет қызметкерлері мен студенттері!***

***Сіздерді университетіміздің 75 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құрылғанынан бастап, бүгінгі күнге дейін жоғары білім беру мен ғылым саласында жұлдыздай жарқырап, игі, ізгілікті де, жемісті қызметімен көрініп келеді. Қазақстанда білім беру саласындағы және ғылыми жетістіктері бойынша көшбасшы ретінде танылды. Ол еліміздің ғана емес, Орталық Азия мемлекеттерінің ішіндегі жетекші жоғары оқу орны екендігі бәріңізге аян.***



Дарынды тұлға қалыптастыру барысында университетіміздің шоқтығы биік. Осы білімнің қара шаңырағынан қаншама белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен ұстаздар түлеп ұшып, әлемнің түкпір-түкпірінде қызмет етуде. Еліміздің тәуелсіздігін нығайтып, экономикалық-әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізу мен мемлекет тұтастығын қалыптастыру барысында олардың еңбегі ерен.

Университетіміздің тыныс-тіршілігі мен даму болашағына Елбасымыз үнемі көңіл бөліп келеді. Қызметкерлердің өнімді еңбек етуіне, студенттердің алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалып жатыр. Оқу-материалдық база жыл сайын жаңарып, әлемдік озық технологиялармен жабдықталуда. Университетімізде салауатты өмір салтын ұстанатын, өмірге деген құнды көзқарасы қалыптасқан, адами ізгі қасиеті мол жастарды тәрбиелеп, қоғамға қажетті тұлға қалыптастыруға негіз қаланған. Бізде білім алып, тәрбиеленген студенттер өз кәсібінің білікті маманы, жан-жақты жетілген қабілет иесі болып шығатынына сенімім мол.

Университет пен еліміздің білім беру ісі мен ғылымының дамуына химия факультеті ұжымының да қосып келе жатқан үлесі де елеулі. Факультет ұстаздары мен ғалымдары өз жетістіктерімен еліміздің көпшілікке танымал, белгілі тұлғаларына айналды. Ғалымдарымыздың ашқан ғылыми жаңалықтары мен жетістіктері елімізде ғана емес, әлемде де жоғары бағаланды. Жас ғалымдарымыз бен студенттеріміз қазіргідей ұшқыр да, жылдам ақпараттық заманда ғылым мен білімнің жаңа технологиялары мен бағыттарын игеріп, замана көшімен бірге қарымды қадам басуда. Болашақта да химиктер қауымы университеттің алға қойып отырған белестері мен асуларын бірге бағындыруға бар күш-жігерін салады деп есептеймін.

75 жылдық жетістіктеріміз - ұлтымыздың мақтанышы, "Жұмыла көтерген жүк жеңіл" дегендей барлық қызметкерлердің еңбегінің нәтижесі. Әлемдегі Қазақстанның беделінің артуы және бәсекелестікке қабілетті елу елдің қатарына ену үшін университетіміз жаңа стратегиясымен өз үлесін қосады деген сенімдемін.

Университеттің болашақта бұдан да биік белестерден көрініп, жаһандану үрдісінде әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарының қатарынан көрінуіне тілектеспін! 75 жылдығын тойлап жатқан білім ордасы бұдан кейін де жылдардан-жылдарға, ғасырдан-ғасырға жемісті еңбегімен жете берсін!

**Жарылқасын ӘБІЛОВ,**
**химия факультетінің деканы**

Қабілеттілік

**Б.Т.ЖҰМАҒҰЛОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры:**

# ҚАРАШАҢЫРАҚ МЕРЕЙТОЙЫ ЕНДІ БАСТАЛДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Әл-Фараби университетінің тағы бір елеулі кезеңі XX ғасырдың 80-90 жылдары мен үшінші мыңжылдықтың басына сәйкес келеді. Әйгілі Желтоқсан көтерілісі ұйқыдағы санаға от болып түсіп, күрделі уақыттың түйінін шешіп, елдің егемендікке ұмтылуына, тәуелсіз мемлекеттің іргетасын нық қалауына жол сілтеді. Сын сағаттар туып, ел тағдыры, ұлт келешегі таразы басына түсті. Туымызды көтеріп, тәуелсіздігімізді жариялап, еңсемізді тіктегеннен кейін еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан – 2030» Стратегиясын жариялады.

Иә, тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы күннен бастап-ақ Мемлекет басшысының саяси бағытының шешуші қағидаларының бірі адам қорын дамыту және сақтау болды. 1992 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» тұңғыш Заңы қабылданды, ал 2000 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Білім беру мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығы шықты. Сондай-ақ, 1992 жылдың қаңтар айында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат және ғылым туралы» Заңы қабылданды, ал 1993 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің «Республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін дамыту және ғылымды ұйымдастыруды жетілдіру бойынша іс-шаралар туралы» Жарлығы шықты. Аталған заңдар ғылым мен білімнің дамуы үшін түбегейлі жаңа өзгерістер әкелді.





Осы кезеңдегі университет дамуының аса маңызды белесі – жаңа жол таңдау болды. Мұндағы басты фактор Қазақстан Республикасының әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі ретінде қалыптасуы болып табылды әрі сол жолдағы таңдау біреу ғана еді – біртіндеп әлемдік білім беру жүйесіне ену, мамандарды даярлаудың халықаралық стандарттарына өту. Университет мәртебесі де елеулі өзгерістерге ұшырады. 1991 жылдан бастап университетке ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидың есімі берілді. 1993 жылы Президент Жарлығымен дербес, өзін-өзі басқаратын мемлекеттік жоғары оқу орны мәртебесін иеленіп, Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті болып аталды. Сол кезде жаңа ғылыми-инновациялық инфрақұрылымдарды жасау мен мамандарды даярлаудың халықаралық талаптарын енгізуге байланысты алғашқы қадамдар жасалды – мамандарды даярлаудың екі сатылы «бакалавриат-магистратура» жүйесі енгізілді, университет құрамында ҒЗИ жүйесі мен технологиялық парк құрылды.

2003 жылдың 16 қыркүйегінде Болонья (Италия) қаласында Қазақ ұлттық университеті Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды. Сөйтіп, университет Қазақстан жоғары оқу орындары мен Орта Азия мемлекеттері арасынан бірінші болып еуропалық білім беру кеңістігіне енді.

Сол секілді 2006 жылы тәуелсіз мемлекет тарихында тұңғыш рет Президенттің сапа саласындағы жетістіктері үшін сыйлығының лауреаты атанды. Бұл ҚазҰУ өміріндегі аса маңызды оқиғалардың бірі болды, өйткені мәртебелі сыйлық еліміздің жоғары білім беру жүйесін дамыту мен мамандарды даярлауға қосқан үлесіне берілген жоғары баға еді.

Ұлттық жоғары оқу орындарының ректорларын ел Президентінің тағайындауына байланысты оның мәртебесі түбегейлі өзгерді, ерекше жауапкершілік жүктелді. Мұны ұлттық жоғары мектептің пәрменінің артуы, әлемдік деңгейдегі салмағының нығаюы деп білеміз.

1998 жылы ҚазҰУ жастарымен болған кездесуде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білім орны элиталық университетке айналуы қажет деген пікір білдірген еді. Бұл қазір күн санап өз шешімін тауып келеді. Өткен жылдың мамыр айында болған Ғылыми кеңесте оқу орны басшысы ұсынған 2009-2011 жылдарға арналған университеттің жаңа даму стратегиясы қабылданды. Ол үш басты бағыттан тұрады. Оның біріншісі - менеджменттің барлық деңгейін түбегейлі жетілдіру, екіншісі - мамандарды халықаралық талаптарға сай даярлау, үшіншісі - ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды жетілдіру. Әл-Фараби университеті аталған стратегиясын біртіндеп жүзеге асыра бастады. Өткен жылы әлемдік тәжірибеде орныққан ИНТРАНЕТ компьютерлік-коммуникациялық желісіне негізделген оқытудың кредиттік жүйесін сөз жүзінде емес, іс үстінде дәйектеп шықтық. Жүйенің басты жетістігі оқу үдерісін басқаруды автоматтандыру ісімен қоса, студенттердің білім алуға деген ынтасын арттырып, қызығушылығын туғызу. Бүгінде әрбір студент өзін болашақ маман ретінде танытуға талпынады. Өйткені, ол бұрынғыдай оқытушыға арқа сүйеп отыра бермейді, даярлық бағдарламасының таңдамалы бөлігін өзі құрастырады. Аталған технологияның аса маңызды қыры қандай дегенге келер болсақ, әрбір студент пен оқытушының атқарған жұмысын күнделікті бақылауға мүмкіндіктің болатыны.

Өткен жыл – университет үшін барлық жағынан серпіліс жылы болды. Тұңғыш PhD философия докторлары бітірді. Осылайша ҚазҰУ ТМД елдерінің арасынан бірінші болып халықаралық стандартқа сай кадрларды даярлаудың үш сатылы деңгейін игерді. 2008 жылдың қараша айында университет француз «Bureau Veritas certification» сертификация органының аккредитациясынан табысты өтсе, білім ордасы қазақстандық жоғары оқу орындарының бас рейтингінде тағы да бірінші орынды иеленді.

Біздің мақтанышымыз – адам, адам капиталы. Бүгінгі таңда университетте екі мыңнан аса білікті оқытушы жұмыс істейді, олардың ішінде, мыңнан аса академик пен елу шақты философия докторлары бар. Басты міндет-мақсатымыз бәсекеге қабілетті, әлемдік талапқа жауап бере алатын маман дайындау. Осы істі ілгерілете отырып, көшбасшылық дәрежені биіктен көрсетіп, университет дипломының әлемдік деңгейде мойындалуын қамтамасыз ету басты бағытымыз болып отыр. Біз түлектерімізге шетелдердегі алдыңғы қатарлы оқу орындарымен келісім жасай отырып, екі диплом беру мүмкіндіктерін қарастырудамыз. Шетелдік оқу орындарына сүйене бермей, олардағы озық оқытушыларды өзімізде қалыптастыру ниетімен профессорларымыз әлемдегі жетекші жоғары оқу орындарында машықтанудан өтуде. Әсіресе, студенттердің өзін-өзі басқаруы ерекше назарда. Бұл университеттердің Ұлы Хартиясының негізгі талаптарының бірі болып табылады. Әл-Фараби университетінде білім алып жатқан 18 мың студент, магистрант пен докторант бар десек, соның 700-ден астамы шетелдік талапкерлер. Бұлар болашақта мықты маман болуымен қатар, ұлттың элитасы болады деген сенімдемін.

Елбасымыздың «ҚазҰУ – бұл Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің іргетасы» деуі тегін болмаса керек.

Қазақ ұлттық университетінің бұрынғы және қазіргі оқытушылары мен түлектерін, қызметкерлерін, студенттерін өз Alma-mater-інің мерейтойымен құттықтаймын және Отанымыздың дамуы мен өркендеуі жолында әрі қарай жетістіктерге жетуіне тілектеспін!



Біздің сұхбат



Зұлхайыр МАНСҰРОВ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры:

# "ҚАСИЕТТІ ҚАРАШАҢЫРАҚ – МЕНІҢ ТАҒДЫРЫМ"

**- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шараларға дайындық жұмыстары қалай жүріп жатыр?**

- Қазақстандағы жоғары оқу орындарының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылғанына биыл 75 жыл. Бұл негізінен университеттің осыншама уақыт ішінде жеткен жетістіктеріне бір тоқталу болып табылады. Мерейтойды атап өту - оқу орнының осы күнге дейінгі қол жеткен табыстарына, шыққан биіктеріне, күнделікті жаңалықтарды қайта жаңғырту мақсатында қолға алынған, іске асырылып отырған дүние. Сондықтан дәстүрлі мерекелердің бірі десек те болады. Көпшілік мән беріп, үлкен көңіл бөліп, қарбалас дайындық үстіндеміз.

Есіңізде болса, былтыр Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасы аясында "Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2009-2011 жылдарға арналған даму Стратегиясы" бекітілген болатын. Міне, осы құжат негізінде университеттің мерейтойын атап өту жөнінде арнайы Тұжырымдама қабылданды. Осыған орай, 75 жылдықты атап өту мақұлданған іс-шаралар Жоспарының негізінде жүріп жатыр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдығын атап өту, отандық жоғары білім беру көшбасшысының жетістіктерін көпшілік қауымның алдында айқындай түсетін әрі XXI ғасырдағы университет дамуын жаңа белеске шығаратын ерекше кезең болмақшы. Барлық мерейтойлық іс-шаралар осы мақсатты негізге ала отырып іске асуда.

ҚазҰУ мерейтойы бір шарамен шектеліп қоймайды, ол бір-бірімен байланысты көптеген іс-шаралар кешеніне негізделеді.

**- Бұл іс-шаралар бастапқыда факультеттер мен департаменттер арасында қалай бөлінді?**

- Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың мерейтойына арналған негізгі іс-шараларды айқындау үшін университет ректоры, академик Б.Т.Жұмағұловтың игі бастамасымен ұйымдастыру комитеті құрылып, комитет тарапынан факультеттерге, департаменттерге университет деңгейіндегі мерейтой іс-шараларын өткізу туралы тиесілі тапсырма берілді. Осы жөнінде Ұлттық университетіміздің 75 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шаралар күнтізбесі белгіленді. Күнтізбеге сәйкес, іс-шараларды атқаруға арнайы жауапты адамдар бекітіліп, оларға өз қызметтеріне сай міндеттер жүктелді. Атқарылып жатқан істің нәтижелері көңілге қонарлық. Әр факультет өз деңгейінде ғылыми конференциялар, мерейтойлар ұйымдастыруда.

ҚазҰУ мерейтойын атап өту өзара тығыз байланысты іс-шаралар кешенінен құралған. Жоспарланған іс-шаралар жүйесінің басты мақсаты – Елбасымыз атап өткендей, әлемдік білім беру жүйесіне ену, мемлекетіміздің интеллектуалды элитасы мен жастардың қолдауымен күшті әлеуметтік саясатын жүргізу, университеттің заманауи ұжымдық рухын дамыту.

**- Биылғы жыл Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ күндерін өткізумен басталып, М.В.Ломоносов атындағы ММУ күндерімен жалғасады. Осы жөнінде айтып өтсеңіз.**

- Университетімізде 2009 жылдың 15-16 қаңтарында Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің күндері өткізіледі. Бұл орайда ғылыми конференциялар, симпозиумдар, көрме ұйымдастыру жоспарланып отыр. Ал университет тарихының жаңа бетін ашатын елеулі оқиғаның бірі 2009 жылдың наурыз айында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің күндерін атап өту болмақ. Университет тарихында алғаш рет кеңейтілген мәселелерді талқылау, белсенді қарым-қатынасты дамыту, ғылыми әдебиеттер алмасу және жалпы тәжірибе алмасу көзделуде. Мәскеу университеті әлемдік рейтингілерге талпыныс білдіре отырып, жаңару үстінде. Қос университет арасындағы диалог екі мемлекетке ғана емес, бүкіл ТМД жоғары білімі үшін аса қажет. Сонымен бірге мерейтой негізінде жаңа байланыстарды орнатуға септігін тигізеді. Университет қызметінің сапалық жаңаруының іргетасы болып табылатын серіктестік туралы жаңа келісімшарттарға қол қою жоспарланды.

**- ҚазҰУ көптеген халықаралық, республикалық ғылыми конференциялардың, симпозиумдардың, фестивальдардың, форумдардың, дөңгелек үстелдердің, семинарлар мен өзге де іс-шаралардың ұйымдастырушысы болып табылатынын білеміз...**

- Әрине, 75 жылдықты тойлаудағы биылғы жыл біз үшін ерекше. Жоғарыда атап өткеніміздей М.В.Ломоносов атындағы ММУ күндерін өткізу жоспарда да бар. "Ғылым әлемі" халықаралық конгресі, түркі тілдес математиктердің Бүкіләлемдік конгресі, "Мұхтар Әуезов және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ" халықаралық конференциясы, теориялық және қолданбалы математика бойынша бірінші халықаралық симпозиумы өткізіледі. 2009 жылдың қазан айында өткізілетін ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жыл бойы өткізілген іс-шаралардың қорытындысы болмақ.

**- Университеттің түлектері жайлы тоқталып өтсеңіз.**

- Жоғары оқу орны түлектерінің табысы – жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігінің ең үздік көрсеткіші. Бұл айтылған жайттардың біздің университетімізге тікелей қатысы бар. Сондықтан түлектерді біріктіру мақсатында университетімізде Ассоциация құрылды. Оның мүшелері ҚазҰУ-дан түлеп ұшқан бакалаврлар, магистрлер, аспиранттар мен докторанттар, ғылым кандидаттары мен докторлары.

Университет түлектерінің Ассоциациясы жаңа формациядағы мамандар дайындауға септігін тигізеді. Үздіксіз білім берудің түрлі бағдарламалары, онлайн қызметін көрсету, сонымен қатар түлектер үшін университет пен факультеттердің түрлі шараларын өткізу екіжақты байланысты орнатуға көмектесіп, ары қарай кәсіби шыңдалуына септігін тигізеді.

Бір сөзбен айтқанда, университет имиджі түлектердің табыстылығымен, олардың университетті бітіргеннен кейінгі байланысын үзбеуімен айқындалады.

**- Қазіргі таңда археология және этнология ғылыми-зерттеу орталығын, "Конфуций институтын", университет музейін, биологиялық жаңа экспонаттардың музейін ашу жоспарланып отыр. Аталған шараларға дайындық қалай жүріп жатыр?**

- Ақпан айында археология және этнология орталығының ашылуы осы саладағы ғылыми жетістіктерді оқу процесімен ұштастыруда өзіндік үлесін тигізеді. Ланьчжоу университетінің басшылығымен бірлесе отырып "Конфуций институтын" ашу халықаралық байланысты кеңейтіп қана қоймай, студенттердің қытай халқының салт-дәстүрін, мәдениетін, тарихын тереңірек тануына көмектеседі.

Университет қалашығының құрылыс нысандарын пайдалануға беру, университет Тарихы музейінің жөндеу жұмыстарын аяқтау, Құрмет тақталарын жасау сыртқы және ішкі безендірілуінің маңыздылығын, қара шаңырағымыз үшін мақтаныш сезімі мен мәртебеліліктің ауанын қалыптастыруға ұмтылысты білдіруі тиіс.

2009 жылғы тамызда ашылғалы отырған Қазақ ұлттық университеті Тарихы музейінің жаңартылған экспозициясы университеттің 75 жыл ішінде қол жеткізген даңқты жетістіктерінің бірден-бір куәгері болады. Әр түрлі көрмелерді ұйымдастыру, университет жөніндегі тұсаукесерлік кітаптарды басып шығару, мерейтойлық медиа-жоспарды жүзеге асыру, мерейтойлық шараларды және тағы сол сияқты іс-шараларды жариялайтын арнайы Интернет-ресурсты құру – қол жеткен нәтижелерді насихаттау және жарнамалауға ғана емес, сонымен қатар университет дамуындағы жаңа бағыттарды да көрсетіп отырады. Дәстүрлі бұқаралық-мәдени және спорттық шаралар, студент топтарының, факультеттердің арасындағы сайыстар мерекенің жалғасы болмақ.

**- 75 жыл - бұл бір адамға айтарлықтай уақыт, яғни бүкіл бір ғұмыр. Ал осы өлшеммен алғанда университет өсудің қандай сатысында?**

- Біз үшін сүйікті білім ордасы қуаты толысқан, ғасырлар бойғы даналықтарды игерген және жастық жігері жалындап тұрған жас жігіттей болып елестейді. Алда көптеген жоспарлар мен көзделіп отырған мақсаттар бар. Бірінші кезекте мамандықтар классификаторын қалыптастыруға, оқу жоспарының құрылымы мен мазмұнын өзіміз анықтауға мүмкіндік беретін университет автономиясы мәртебесін алу. Әлемнің жетекші университеттерінің академиялық рейтингісіне енудің, халықаралық аккредитация үдерісін аяқтаудың да маңызы өте зор.

**- Мерейтойды ұйымдастыру мен өткізудегі студенттердің үлесі қандай болмақ?**

- Студенттер бұл мерейтойға белсенді түрде қатысуды жоспарлап отыр. Жастардың өз ұсыныстары да ескеріліп, мерейтойлық күнтізбеге студенттердің шығармашылығы да енгізілді. Сәуір айында жастар арасында қызығушылық тудыру жағынан алдыңғы орындарды иеленетін іс-шаралардың бірі БӘС (КВН) байқауы өткізілмек. Мерейтой студенттер үшін ақпарат жинақтау кезеңі деп түсіну қажет. Университетіміздің тарихын жетік білу мақсатымен студенттер арасында ҚазҰУ тарихының жалпыуниверситеттік байқауы өтпек. Болашаққа аяқ басу өткенді саралаудан басталатыны бәрімізге белгілі. Осы байқаудың барысында біздің шәкірттеріміз тағылымды дереккөздерді оқып, ізденіс арқылы туған университетінің жетістіктері жайлы пайдалы ақпарат алатынына сеніміміз мол. Сәуір айы студенттік іс-шараларға бай болып отыр. Факультет декандарының қатысуымен «Ғылым әлемі» атты 3-халықаралық студенттер конгресі, сондай-ақ үздік студенттер слеті студенттер көктемінің маңыздылығын арттырумен қатар мерейтойға елеулі үлес болып қосыларына сенеміз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойы – Республика тарихындағы айтулы мереке, сондықтан бұл игі шараны өз деңгейінде атап өтуге бар күш-жігерімізді жұмсаймыз.

Мерейтой, Елбасымыз атап өткендей, Қазақстандағы ұлттық университеттердің рөлін бұрынғыдан да жоғарылатудың маңызды белесі болып қана қоймай, сонымен бірге республикалық және халықаралық мәнге ие болатын шараға айналмақшы.

**- Соңғы сұрақ, Сіз үшін қасиетті қарашаңырақ мерейтойы несімен ерекшеленеді?**

- Менің барлық өмірім де, қызығым да - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. Өйткені 1963 жылы университет қабырғасына студент болып қаланғаннан бері осы қарашаңырақтан ешқайда қызмет ауыстырған емеспін. Сондықтан менің бар тағдырым ҚазҰУ-мен тікелей байланысты десем болады. "Тарыдай болып кіресің, Таудай болып шығасың" дегендей университетке студент болып кіресің, академик болып шығасың. Себебі, мұнда барлық жағдай жасалған. Осы орайда, 75 жылдық мерейтойдың ең басты сыйлығы да, ерекшелігі де осы деп білемін.

**- Әңгімеңізге рақмет!**

**Дариға АМАНГЕЛДИЕВА**



## Ұлттық университет үлкен өмір мектебі

**Құрметті оқытушылар мен студенттер!**

Қазақ ғылымының қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойымен баршаңызды құттықтаймын.

Ұлттық университет – тек ғылым мен білім ордасы ғана емес, бұл үлкен өмір мектебі. Университеттегі қоғамдық ұйымдар әрбір жеке тұлғаның өмірлік позициясын қалыптастыруға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға мүмкіндік беруде.

75 жылдық мерейтой бұл – өткеніміз бен болашағымызға талдау жасайтын межелі кезең. Университетте болашақтың бағыты анықталып отырған осындай кезеңде баршаңызға нәтижелі еңбек, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға береке, бақыт тілеймін.

**Ш.ӘМІРБЕКОВ, «Парасат» оқытушылар мен қызметкерлер кәсіподағы комитетінің төрағасы**



## ҚазҰУ-дың әрқашан да мерейі үстем

Құрметті әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ұжымы, Сіздерді Жаңа жылдарыңызбен және университетіміздің 75 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

2009 жыл – барлығымыз үшін ерекше жыл, себебі, биылғы сиыр жылы ыстық ұямыз, жоғары білім ордасы- әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне 75 жыл толады. 75 жыл білім мен ғылым, мәдениет пен тәрбие, өнер мен өнеге, жеңіс пен жетістік, биік бедел мен жоғары мәртебемен қолтықтасып келеміз.

Сонымен қатар, ҚазҰУ-да алғашқы факультеттердің қатарында құрылған физика факультетіне биылғы жылы *75* жыл толады. Факультет 15 қаңтарда 1934 жылы құрылған, алғашқыда физика-математика факультетінің бөлімі болған. Ол 1959 жылы мамыр айында өз алдына жеке факультет болып бөлініп шықты.

Физика факультетінің даму перспективасы университеттің 2009-2011 ж.ж. арналған стратегиялық жоспарларын жүзеге асырумен тығыз байланысты. Біз әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ядролық энергетика және ядролық технология саласында мамандарды даярлау туралы Атом Энергиясы бойынша Жапон Агенствосымен қол қойылған Меморандум мен білім, ғылым және мәдениет саласында Томск политехникалық университетімен (Рессей Федерациясы) жасалынған Келісім шегінде жұмыс істейміз.

Ойларымыз іске асып, еңбектеріміздің жемісі біздің университетіміздің Қазақстан Республикасындағы көшбасшы оқу орны екендігінің дәлелі бола берсін!

ҚазҰУ-дың мерейі үстем болып, мәртебесі әрдайым жоғары болсын!!!

**Ә.С.АСҚАРОВА.**
**физика факультетінің деканы**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

В целях качественного решения задач, обозначенных «Стратегией развития КазНУ им. аль-Фараби на 2009-2011 гг.», профсоюз работников «Парасат» объявляет конкурс на лучшие кафедры и лучших эдвайзеров среди естественных и гуманитарных факультетов.

Условия конкурса будут представлены в соответствующих «Положениях о конкурсе...».

По результатам конкурса лучшие кафедры получают комплект мебели и компьютеры, а лучшие эдвайзеры награждаются бесплатной путевкой в спортивно-оздоровительный лагерь КазНУ им. аль-Фараби на озере Иссык-Куль.

**Профсоюз «Парасат»**

# Өркен

Газет ішіндегі студенттер газеті


## Жемісті 75 құтты болсын!

**Білім қуған жас өреннің бағындырар белесі оқу ордасы болмақ. “Шіркін оқысам, адам болсам, ата-ана үмітін ақтасам” деген әр жас туған жерінен қырық қадам аттағанда, қарашаңырақ ҚазҰУ-дың биік сұлбасы көз алдымда елестеп тұрады емес пе...?!**

Ақын да, журналист те, философ та, математик те, тарихшы да, филолог та, керек десең мамандық атаулының барлығы бізден шыққан нар қасқалар екен ғой. Шындығында да, 75 жылдық тарихтың ізі осында жатса керек еді. Талайлардың арманына айналған Қазақ ұлттық университеті дәл бүгінде 75 жасқа толып отыр. Алатаудай асқар шыңның биігіне талайлар шығып, енді бірі армандап өткен жайы бар. Жетпістің бесеуіне шыққан ұстаздардың білім шаңырағын қимай жүргенінің өзі тарих қойнауында жатқан қазына асылын бүгінгі жастарға сыйлау себебі емес пе?! Сан жылдарды артқа тастаған, келешек кемеріне шығып, болашақ бағытына жол салған ҚазҰУ-дай іргелі білім шаңырағына деген жастардың тілегін тілмен айтып жеткізгісіз. Ескелді бабамыз “Жақсы адам ел басқарса, елін елден оздырады, жаман адам ел басқарса, елін торғайдай тоздырады” деген екен. Расымен де, біздің қарашаңырақ 2008 жылдың қорытындысы бойынша ең үздік оқу орны болып танылып, алдыңғы қатарлы үздіктер сапын бастады. Бұл дегеніміз “Бір басшыға мың қосшы” дегендей, ректорымыз Б.Т.Жұмағұлов пен оның айналасында жүрген оқытушылардың жемісті еңбегінің өнімінен туындап отырған тындырымды іс. Осы орайда білімді санаға құятын ұстаздардың талмай еңбектеніп, білім беруінің, ал студент қауымның сол білімнің арқасында биіктерді бағындырып, түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алып, шаңырақты шыңнан көрсетіп жүргендерінің өзі бір мақтаныш емес пе?! Бір ғана Алматы қаласында 130-дан астам ЖОО бар. Солардың ішінде біздің қалашық өз алдына бір төбе. Яғни, ауқымды жерімен, Ө.Жолдасбеков атындағы кең көлемдегі Студенттер сарайымен, зәулім бас ғимаратымен, студенттер үйімен, тау самалы соққан таза ауасымен, жасыл-желек атырабымен көз тартатыны анық. ҚазҰУ қалашығынын студенттері білімнің қайнар бұлағынан сусындап, ертеңгі күні іргелі оқу орнынан түлеп ұшқан талантты, танымды, болашақ ел ағалары болуға әркез дайын екендіктерін көрсетіп қалғылары келеді. Студенттер қауымы осынау 75 жасқа толып отырған қарт ҚазҰУ-дың біз секілді саналы жастарымен көрікті екендерін әркез мақтан тұтады. Сондықтан, білімнің бәсекелі баспалдағын өзгеге бермей өз қалашықтарының қадамына гүл бітіріп жүрген жастар қарашаңырақ ҚазҰУ үшін аянып қалмақ емес. Мерейтойың құтты болсын қарт ҚазҰУ-ым!!!

**ҚазҰУ студенттері**

*Әзіл-шыны аралас...*

# СТУДЕНТТІК КЕЗЕҢ – көркем шығарма

**Ең біріншіден студент деген кім? Осы сөзге тоқталайықшы. Студент білім қуып, оқу оқып күніменен, көз ілмей ұйықтамай түніменен жүретін еңбекқор жан деп есептеймін. Студенттік өмір өзіндік кезегімен кезеңдерге бөлінеді. Бірінші курс албырт көңіл, білімге деген құштарлығы артқан, күнделікті оқу залының тұрақты “тұрғыны” болып табылады. Екінші курс жан-жаққа бажайлай қарап, кімнің қас, кімнің дос екенін аңдайтын кезең. Үшінші курс көңілді думан қонақтары болып, қыздар жағы серілерді таңдап, жігіттердің көңілі аруларға ауып тұратын аумалы-төкпелі уақыт. Ал төртінші курс нағыз студенттік кезеңнің дер шағы дер едім. «Айттым сәлем Қаламқас» деп, апайлары мен ағайларына сонау жатақханадан сәлем жолдайтын көрінбей кеткен бір бейнелер емес пе?!**



"Бақыт жолында" құшағы кеңінен ашылған талапкер, студент атанатын күнді күткен "Ғасырдан да ұзақ күн", тар жолда тайғақ кеше жүріп, жанталасып, бақталасып емтихан, қыл көпірден құлап қалмайын деп сынақ тапсыру, «Ақиқат пен аңызға» куә бола жүріп, демалыс күндерін өткізу, қалғып-мүлгіп, «Елең-алаң» отырып дәріс тыңдау, "Қан мен тердің" кейіпкері бола жүріп, конспект көшіру, жақсы баға алып қалса "Өскен өркен" атанып, емтиханнан құлап қалса, үміт үзгісі келмейтін, "Мәскеу үшін шайқаса" жүріп, диплом қорғайтын, ал дипломды қолға алғанда алшысынан түскен алтын сақа тауып алғанмен тең болатын кімдер екен?! Иә, рас, бұлар бүгінгі студенттер.

Қазақта үш арсыз деген бар. Ол не десек? Тамақ, ұйқы, күлкі арсыз екен. Студент жастар үшін, бұның үшеуі де жан жолдастары болып табылады. Сабақта отырғанда алыс шалғайда қалған ауылын сағынады. Үйдегі тамақ пен жатақхана тамағының дәмі екі басқа. Ал нағыз досын ұйқы деп танитын студенттер де бар. Тәтті ұйқының құшағында жатқанда сабаққа бару қиынның қиыны ғой. Бармасаң тағы пәле... Ал өмірдің кереметі – күлкі. Достарыңның әзілімен, жастық дәурен күлкімен өтсе қызықтың қызығы осында дер едім. Осылай студенттік кезең қазақ жазушыларының көркем шығармалары болып, жастардың жолын "Оянған өлкемен" табыстыратыны қандай керемет десеңізші?!

**Жанат ҚАСЫМБЕК**

# Біздің «үкіметтегі» ауыс-түйістер

*Бүгінде Жастар ұйымдары комитеті болып қайта құрылған студенттердің өзін-өзі басқару жүйесінде біраз ауыс-түйістер болғаны белгілі. Енді сол студенттердің өзіндік “үкіметі” болып саналатын комитет қызметкерлері туралы бірер сөз.*

Студенттердің өзін-өзі басқару жүйесі ҚазҰУ үшін ғана емес, жастар саясатын дамытып отырған еліміз үшін аса маңызды екені анық. Сондықтан, біздің "үкіметтегі" ауыс-түйістер осы жүйені одан әрі дамыту бағытында қайта жіктелді. Жастар ұйымының белін бекемдеген Жұлдыз Сүлейменова Ph.D-ге түсіп, өз орнын студенттік жылдарын ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде өткерген СКЛ КТК ойыншысы бола жүріп, талай жарыстарда оқу ордасының намысын бермеген Марат Оралғазинға тапсырды. Сонымен қатар, жастардың өздерін депутаттармен салыстыра отырып, халық қалаулыларына ұқсағысы келетіні сөзсіз. Осы орайда, бір-бірімен "Келісіп пішкен тон келте болмас" деген қағиданы ұстанып, жүгі ауыр мәселелерді шешуге тырысатын бізде Студенттер сенаты бар. Бұл ұйымның тізгінін кезінде шығыстану факультетінің 1-курс магистранты Назира Бөлдірікова ұстаған болатын. Енді Сенатты "Сұңқар" кәсіподағының бұрынғы қызметкері заң факультетінің 4-курс студенті Ғайни Серім қолға алды. Ал "Сұңқар" кәсіподағын журналистика факультетінің 2-курс студенті Арайлым Өмірбекова басқарады. Ал пікір-сайысшылар болса, өз алдына бір төбе. "Алтын сапа" пікір-сайыс клубының үйлестірушісі болып философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті Нұрсұлтан Құрманов, сондай-ақ қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени және рухани мәселелерді қамтитын "Озат ой" дискуссиялық клубының президенті болып философия және саясаттану факультетінің 2-курс студенті Дархан Өмірбеков тағайындалды.

Жатақхананың қоғам өміріндегі маңызы ұшан-теңіз. Мәдени іс-шаралар, ортақ ойдың мәні арқылы студенттерді кеңеске тарту, мерекелік кештер ұйымдастыру, атсалысу, бәрі-бәрі Жоғарғы Студенттер кеңесінің бастамасымен жүргізіледі. Оның басшысы заң факультетінің 4-курс студенті Бауыржан Батихан. Ал студент қауымның құқығын қорғап, тәртіпке мойынсұндыру, жатақхана тыныштығын қадағалау Құқықтық тәртіп сақтау жасағының басты міндеті болып табылады. Оның жетекшісі журналистика факультетінің түлегі Жұмағали Есенбек. Біздің "үкіметтегі" тілге тиек болар басшылар легі міне осындай!

**Жанат ҚАСЫМБЕК**

# КазНУ – подлинный светоч знания



**КазНУ — старейший и крупнейший из высших учебных заведений нашей страны, лидер высшей школы, внесший огромный вклад в развитие образования и науки. С университетом связаны имена выдающихся ученых, известные открытия. Значительный интеллектуальный потенциал, уникальные возможности для исследований и талантливый профессорско-преподавательский состав позволяют сосредоточиться на приоритетных направлениях науки.**

Факультеты и кафедры университета всегда уделяли много внимания повышению качества подготовки специалистов. Многое делается и сегодня для обновления и совершенствования процесса обучения студентов, магистрантов и докторантов. Сегодня внедрение инновационных технологий в образовательную систему вуза позволяет достигать постоянного качественного роста уровня подготовки специалистов. Активное сотрудничество с крупнейшими зарубежными вузами представляет собой конструктивный диалог, результатом которого является соответствие знаний выпускников всем требованиям мировой системы образования.

С первых лет своего существования университет стал подлинным светочем знания, одним из крупнейших центров образования и науки. Университет сыграл исключительно важную роль в пропаганде знаний среди самых широких слоев населения, в подготовке специалистов самой высокой квалификации. Сегодня, по прошествии 75 лет бурной, увлекательной и блестящей истории университета, славные традиции сохранены и преумножаются. Главное достижение и предмет гордости - это выпускники университета. У каждого из выпускников свой путь, но их будущее должно быть успешным, потому что за плечами Казахский национальный университет.

Хочется высказать самые теплые слова благодарности за путевку в жизнь, которую мне, как и тысячам других людей, выдал университет. Я рад поздравить весь профессорско-преподавательский состав, сотрудников, и конечно же студентов КазНУ и пожелать всем доброго здоровья и дальнейших успехов во всех начинаниях.

**Марат ОРАЛГАЗИН,**
**председатель комитета Молодежи**

# Бақытын биден тапқандар

***Би өнері адамның көңіл күйінің сергек болуына септігін тигізіп, денсаулығының беріктігін нығайта түсері анық. Бимен шұғылдану дене сымбатының әсемдене түсуіне жол нұсқау деген сөз. Бір сөзбен айтсақ, би де – спорт.***
***Мың бұрала билеген аруларды көргенде айдындағы аққулардың арасына енгендей әсерде қаласыз. Түрлі-түсті киім киіп шыр айнала бұралғанда гүлден гүлге қонған әсем көбелек пе дерсіз. Көз ілестірмес қимылдарына таңдай қағып, бір ғажап өнерге бас иесіз. Осындай таңқалдырған әсерлі сәт деп жақында Студенттер сарайында өткен университетіміздің "Бақыт" би тобының 5 жылдық салтанатты кеші атауға болады.***




Кештің жүргізушісі "Үркер" тобының мүшесі, белгілі әнші Нұрлан Албан салтанатты ажарландырып, би өнерінің беделін салмақтай түсті. Өнер сахнасындағы әріптестерін атаулы мерекесімен арнайы құттықтай келген әншілер өз ән-шашуларын аямады. Сыйға сый жасай келген мұндай қонаққәденің орындалуын танымал әншілер Сандуғаш Стамғазиева, Индира Расылхан шырқата салған әсем әуендері асқақтата түсті. Көпшілікті домбыраның құдіретіне тағы бір бас идірткен Мұрагер Сауранбаевтың күйі бойды шымырлатса, жарасымды жұп Жазира мен Жанболаттың әндері көңілді жадыратты. ҚазҰУ-дың студенттерінен құралған "Бақыт" би тобы нағыз кәсіби бишілерден кем түспейтіндіктерін дәлелдей түсті. Қазақ бинен бастап, бірнеше ұлттың биін сомдаған бұл биші қыздар көрерменнің ықыласына бөленіп, гүл шоқтарына көмкерілді. Аталған биші топтың бұл өнерлерін ҚазҰУ ректоры Бақытжан Жұмағұлов мырза да ерекше атап, ақшалай сыйлық табыс етті.

**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА**

*Көзқарас*

# Ата-анаңды сыйлау – тәрбиенің бастауы

**Қазақ тілі – сөзге бай тіл. Ертеден етек жайып келе жатқан ана тіліміздің қорында әдеби сөздер саны шексіз. Мәселен, Мұхтар Әуезов "Абай жолы" романында бір сөздің талай баламасын қолданған. Мұндай дәреже, көңіл толарлық көрсеткіш ана тіліміздің құнын асқақтатпаса, төмендетпейтіні баршаға аян. Мәні мәңгілік сарында жүрген, сол әдеби сөздерімізді еттен кейін сорпа тартқандай орнымен, тиянақты қолданып жүрміз бе? Бүгінгі таңда осы сауал мені қатты толғандырып жүр. Жауабын өзім іштей ойлап, таба алмаған соң, жастардың арасынан іздедім. Бұл ой нақты жауабын таппай, тамырымда тулап, көңіліме маза бермеді. Күндердің күнінде осы сауалға жауап тапқандай болдым. Өкініштісі, жағымсыз. Жастар деп сөйлесем жалындаған жүрегіме ойым тығылып, намысыма қанжар қадалғандай болады. Себебі, мен де сол XXI ғасыр жастарының бірімін. Айтпайын десем де ар намысым жібермей, көңілімді орны толмас өкініш өртегендей күй кештім. Естіген құлақта айып жоқ емес пе? Содан сыр шертсем...**

Сәрсенбінің сәтті күнінде, сабағымды бітіріп, өте жақсы балл алып, көңілімді қуаныш тербеп, ҚазҰУ-дан шығып аялдамаға қарай жол тарттым. Аялдама аясы автобус тосып тұрған студенттер қауымына лық толы. Барар бағытым бойынша 32 нөмірлі автобусты күтіп тұрдым. Ойымда еш нәрсе жоқ. Жан-жағыма қарасам, әркім өзінше іс қылып, бір-бірімен қызу әңгімеге кірісіп, екіншісі құлағын плеермен бүркеп, ән тыңдап, күнделікті қылығын қайталауда. Бір топ қазақ жігіттері орыс тілінде шатып-путып сөз алмастырып, өз сөздеріне өздері мәз. Арғы бетте орыс қызы қарап тұрып, жігіттерге көз қиығын салып, сол қалпында езуін тартып, мысқыл күлкілі кейпін танытты. Оны сезген жігіттер жоқ. Олар үшін байқап тұрған менің көңілім түсіп, іштей намыстандым. "Әй жігіттер-ай, өзге жұртқа күлкі болмай, өзіміздің ана тілімізді тиянақты сөйлеп тұрса, біреу күлер ме еді. Ең болмаса өзге тілде сауатты сөйлесең бір сәрі, оның жөні бөлек еді-ау!" деп, іштей қиналғандықтан ойға шомып кеткен тұста жан-жақтан шулап, жүгірген дауыстан ойымды үзіп алдым. Қарасам, мен күткен №32 автобусқа құмырсқаның илеуіндей болған бір топ адам бет алыпты. Қатарына мен де қосылдым. Қойшы әйтеуір, көппен бірге көлік ішіне де кіріп, кондуктордың: "Назад пройдите!", – деген дауысын естіп, көлік артына қозғалдым. Артқы орындыққа бес қазақ қызы жайғасыпты. Темір тұтқадан ұстадым. Көз алдымда орыс қызының мысқылдаған күлкісі. Көлік іші қарбалас тіршілік. Ойға шомған сәтімді біреудің ұялы телефонының дауысы бұзды. Дауыс естілген жаққа қарасам, артта отырған бес қыздың біреуінің телефоны екен. Қалта телефонын алып, "да!" – деп сөзін бастады. "Вот, я на 32-ом автобусе еду" – деп дауысын бәсеңдетіп жауап қайтарды. Шамасы анасы ғой деп түспалдадым. Айтқандай-ақ сұлу "Мама, я сегодня ночу домой не поеду, вместе с друзьями поеду ночной клуб" – деді де үнсіз қалды. Бір сәтте қабағын қар жапқандай түйіп алды да, төмен қарап: "Ну, мам, вечно так" – деп телефонының қызыл батырмасын баса салып басын көтерді. Дос қыздары жанын қоймастан сұраққа алып жатыр. Сонда қыз "Ой, махан не отпускает. Надоело уже" – дей қарап достарына бұрылды. "Что не пойдешь?" – деген қара тондағы қыз дауысын естіп, "Нет поеду. Короче, ждите меня там, как мы договаривались" – деді де орынан тұрып, жаңа заман модасымен беттерінен сүйіп коштасып, кондукторға студенттік билетін көрсетіп, ақшасын төлеп, аэровокзал аялдамасынан түсіп қалды. Жас жүрегіме біреу суық қанжар сұғып алғандай тұрған орнымнан қозғала алмай қалдым. Санамда сол қыздың "махан" деген сөзі. Не деген ойланбастан айтылған теңеу! Орысша сөйлескеніне көз жұмдым, енді өмірге әкелген ең қымбат адамын "махан" деу мен үшін үлкен әдепсіздік, сана-сезімінің соншалықты төмендігі болып көрінді. Темір тордың арғы бетінде жатқандардың айтуы бойынша "махан" деп әйелдердің бастығын, "пахан" деп ерлердің бастығын атайды екен. Ақындардың өлеңдеріне, әншілердің әніне, композиторлардың шығармашылығына арқау болып жүрген, бұл әлемді алақанында аялаған асыл жанның алатаудай есімін жер ету не деген көргенсіздік?! Осындай ауыр күй кешіп тұрған сәтімде түсетін аялдамамнан асып кеткенімді байқамай да қалыппын. Шынында бүгінгі таңда "мама", "папа" сияқты орыс сөздері барша жұрттың санасына қонып алды. Р.Ғамзатовтың "Тілім ертең өлер болса, мен бүгін өлуге дайынмын" деген жолдарына үңілсек, жаргон сөздер ана тіліміздің тамырына құрттай еніп, керегесін кеміріп түсетін секілді. "Жұмақ ана табанының астында" деген бір ауыз сөздің астарында ананың бар болмысы тайға таңба басқандай жарқын көрініп тұр емес пе?! Әлемнің жарығын сыйлаған абзал жандарға "АНА", "ӘКЕ" секілді қанымызға сіңген әдемі атауларды неге қолданбасқа?!

*Жаргон сөз ұлттық рухқа құрттай еніп,*
*Іргеміз сөгілмесін абайламай,*
*"Ақыр заман жастары азады ден"*
*Апыр-ай біліп айтқан Абай қалай.*
*Жай ғана ағып жатқан ағын су да,*
*Жартасты да жарады жалай-жалай* –

демекші, ұсақ дүние деп көңіл бөлмей жүре беріп, ғұмыры қыл үстінде тұрған ұлттық рух, сана-сезім ағыны тау қопарған заманда жаргон сөздің қармағында қалмасын. Ақ сүт берген анамызды "махан" десек, алатаудай әкемізді "пахан" десек, онда біздің кім болғанымыз?!

**Қайнар ЖҰМАҚОЖА,**
**журналистика факультетінің**
**1-курс студенті**

■ Рух

***Қазақ халқы қыз тәрбиесіне ежелден ерекше көңіл бөлген. "Қыз өссе, елдің көркі, гүл өссе, жердің көркі" деген сөзді негізге алған халқымыз қызгалдақтай болып өсіп, көктеп келе жатқан гүлдің мезгілсіз солып қалмауына қамқорлық жасаған. "Қызға қырық үйден тыю" деп, қадірін түсіретін жағымсыз қылықтардан аулақ бол деп қыздарына үнемі айтып отырған. Сол себепті қазақ қыздары жан-дүниесі нәзік, адал махаббат иесі болып қалыптасқан.***

# Құрбым, саған айтамын....

Қазақы тәрбиені ала білген қазақ қызы осындай ұлттық тәрбиеден барып, тұрмысқа шыққанда бір үйдің аяулы келіні, алтын қазығы бола білген. Ал қазір, жасыратыны жоқ, бұрын дәстүрімізде болмаған сүренсіз жағдайлар бой көрсетуде. Әсіресе, қыз балаға лайық емес, жағымсыз қасиеттер арқылы өз құнын өздері түсіріп жүрген бойжеткендер көптеп кездеседі. Қарқылдап күлу, тарқылдап сөйлеу, барқылдап ұрсысу – даракылық белгісі екендігін ұқпайтын мұндай қыздардың арасында көргенсіздік ұмытып, бір көрген жігіттің мойнына асылып, сорлап қалғандар да аз емес. Менің ойымша, қызға көп күлудің қажеті шамалы, жігіттерге оның жымиғаны да жетіп жатыр (!). Өйткені, қыздың күлкісі, жымиюы, бас изеуі, көзқарасы, жүріс-тұрысы – бәрі де сайрап тұрған сөз. Бірақ, бүгінде жоғары оқу орнында жүрген бірсыпыра қыздар жарассын жараспасын жартылай жалаңаш жүретін киімдер киіп, бет-ауыздарын бояп, өздерінің инабаттылығы мен сыпайылығынан, жастық жарасымдылығынан айырылып бара жатқанын жасыруға болмас. "Қай жерде, қай кезде болмасын, қыз көйлегінің етегі тізеден жоғары болмауы керек. Себебі, қыздың жалаңаш жеріне көп көзі ауып тұрады", - деп әжем айтып отырушы еді. Сондықтан да болар, халқымызда: "Есті қыз етегін қымтап ұстайды" деген мәтел бар. Қазақ қыздарына ашық-шашық жүру – мүлдем жараспайды, бұл түрпайы, жат мінез. Әсіресе, етекті көтеру, жалаңаштау – қазақ қызының мінез-құлқында бұрын сонды болмаған жайт. Ал қыздарымыз, табиғаттың өзі олардың жан-дүниесін сұлу, нәзік, мейірбан етіп жаратылдығына мән бермейді. Жастықтың өзі-ақ қыр гүліндей әсем емес пе?! Табиғат берген көрік пен сымбатқа не жетсін. Аялдамада үлкен бар, кіші бар-ау деп қымсынбай, көлденең тұра қалып, бірінің ернін бірі жұлып жердей боп жалмап, жұрт көзінше сүйісіп жатқан қыз бен жігітті көргенде, өзің ұялып, жерге кіріп кете жаздайсың. Әрине, мұндай қыздар ар-ұят дегенді ойлаудан кеткен-ау шамасы. Ардақтауды, мәпелеуді, құпиялықты қалайтын махаббат атты құдіретті аяққа таптау емес пе бұл?! Шылым шегіп, ішімдік ішетін қыздар жайлы әңгіме бір бөлек. Демалыс орындарында, саябақтарда, аялдамаларда ұнамсыз, ерсі киім киіп, аяғын айқастырып, темекі түтінінің құмарлана жұтып отырған немесе ішімдікті ерлерше сылқыта ішіп, көздері кілмиген сылқым бикештерді жиі жолықтыруға болады. Болашақта мұндай қыздардан жарасымды жар, аяулы ана шығуы екі талай. "Не себепті зиянды әдеттерге бой алдырдыңдар?" деген сұраққа, олар еш қызармастан: "Өмірге келгеннен соң бар қызықты көріп, бәрінің де дәмін тату қажет" дейді.

Иә, заман талабымен өмір сүру дегенді осылай түсінген қыздар мұның барып тұрған көргенсіздік екендігін білер ме екен? Сірә, білмес. Әрине, мұндай көргенсіздіктің өзіндік себептері көп екенін білеміз. Бір жағы – ата-анадан алған бұрыс тәрбие болса, екінші жағы – сонау батыстан келетін әркилы фильмдер мен өндердің де әсері бар екені сөзсіз. Өз құрбыларыма айтарым, өз қадіріңді түсірмеуге тырысып, ата-ананды, үлкенді сыйлап, мейірбандық, инабаттылық сияқты ізгі қасиеттердің иесі бола біліңдер. Жаман жолға түсу оңай, ал тәрбиелі, тәлімді бойжеткен атану қиынның қиыны. Сол себепті, ар-намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы, сыйлы екендігін ұмытпау қажет.

**Арна ЖҰМАТАЙ,**
**4-курс студенті**

# Адами парыз

***Адам – үлкен ұғым. Адамның қалыптасуын, дүниеге келуін сол бір құдіретті күштің есімімен байланыстыруға болады. Осы бір адам ұғымын дүниежүзіне әйгілі ғалымдардың өзі әлі күнге дейін өз шешімдерін таба алмай келеді. Яғни, әлі зерттеу үстінде.***

Адам өмірі қиыр-қиыр жол секілді. Бірі – кең даладағы бір ғана түзу жатқан соңы көрінбейтін тік жол, ал екіншісі үнемі бұрыла беретін алдынан кедергіге тап болатын жол. Осы жолдардан шығудың жолы қандай? Ол адами парыз, бұны екі түрге бөлуге болады. Біріншісі, Алла Тағала алдындағы парыз, ал екіншісі ата-анаң алдындағы парызың. Құран Кәрімде жазылған екен: "адам-бүкіл жан-жануарлардан ерекше және үстем. Сонымен қатар ғажайып сезімтал рух иесі". Рухтың сезімталдығынан адамда талап-тілектер пайда болған. Мысалға, адам баласы талғампаз келеді. Жаны сұлулықты қалайды. Адамгершілікке сай тұрмыс құрып, абыройлы өмір сүргісі келеді. Алайда, бұндайға қол жеткізу үшін көптеген өнер керек. Дегенмен, Алла адам бойындағы құмарту, сақтану, ойлану сезімдеріне шектеу қоймаған. Оның дамып, жетілуіне ерік берген. Соның салдарынан әр қилы қарым-қатынас кездерінде әділетсіздіктер, опасыздықтар болады. Мұндай әділетсіздіктердің алдын алып, жол бермеу үшін әрқашан имани шарттарды және парызды ұмытпау қажет. Ал екінші, ата-ана баласын дүниеге әкелген күннен бастап, оны өмірдегі жақсылыққа тәрбиелеп баулиды. Оны оқытады, бар жақсылығын аямайды. Ата-анасының қамқорлығын түсінген бала ғана "мен ата-анамның алдындағы борышымды өтеуім қажет" деген ой түйеді. Бұның өзі ата-ана алдындағы парыз. Халқымыз ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да оның ақ сүтін ақтай алмайсың деген екен. Сондықтан, ата-ана алдындағы парыз қасиетті Құран Кәрімде де жазылып айтылған. Содан кейін барып, әрбір түлғаның өмірде өз жолын тауып, қандай жағдай болмасын өмірдегі қиындықтарды жеңіп, бар тосқауылдарға төтеп беріп, қиыннан қиялап шығу өзінің амал-каракетіне байланысты болып қалмақ.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА,**
**журналистика факультетінің**
**2-курс студенті**

■ "Өркеннен" "Өркенге"

# "Заочниктер" келгенде

Сессияға "заочниктер" келгенде, бөлендей елең еткен біз жоқ. Курс болғасын ба, үндемей жүре бердік. Ертеңіне Мақсат екеуіміз институттың кітапханасына барып сабаққа әзірлену үшін бірге шықтық. Кітапхана алдында оншақты адам тұр. "Кітапхана жұмысын бастамаған ба, бұл қалай?" деп ойладық.

- Оу, неге кірмей тұрсыздар, - дедім мен сыпайылық көрсетіп.

- Көрмейсің бе, толып отырғанын, – деді мұрты едірейген біреуі.

Бұлар кезек күтіп тұрғандар екен.

- Сонда қалай? - дей беріппін сасқанымнан, бұрын әр жерде төбесі шошайып бірен-саран адам отырушы еді. Енді болса....

Сөйтіп, Мақсат екеуіміздің сабаққа дайындалу мәселеміз жөнінде қалды. Ендігі ойымыз асханаға барып, қарын тойдыру. Жақындай бергенімізде Сатан қарсы жолықты.

- Кіріп болмайды, іші лық толы. "Заочниктер" қаптап отыр. Сөйтіп, асханаға кіріп, тамақтанудың да сәті түспеді. Сонымен не керек, жатақханаға келіп, шөйді сораптадық, "сухариді" қаужадық. "Заочниктерді" ішімізден онда-мұнда апарып, біраз жеңілденіп қалдық. Түсте семинарға даяр еместігімізден қорқа-соға, сабаққа да бардық қой. Оқу корпусының ішінде де дәл базардағыдай адам көп. Әрең дегенде аудиториямызға келсек, бөтен біреулер меншіктеп алыпты. Сөйтіп, "заочниктерге" байланысты сабақ та болмады. Сабақтан құтылғанымызға қуанып, бөлмемізге келсек, басқа факультетте оқитын жолдасым Қалбағай отыр.

- Оқу қайда?

- Ой қазір қаптап жүрген "заочниктер" аудиторияны жоқ.

Он бес күн зымырап өтіп кетті. "Заочниктер қайтып жатыр". Біз іші-бауырымыз елжіреп, танымасақ та олармен қимай қоштастық. Әкеннің қолынан келмеген демалысты олар сыйласа, қалай қиналмайсың.

- Қош, әріптестер! Біз сендерді асыға күтеміз, - дедік біз қолымызды қайта-қайта бұлғап.

***Алданазар Жайлыұлы***
**"Өркен" газеті**
**11 ақпан, 1989 жыл.**

# Бүгінгі студент – ертеңгі ел болашағы



75 жыл бойы еңбек нарығына білікті, бәсекеге барынша қабілетті маман кадрларды даярлаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазақ білім ордаларының қарашаңырағы болып табылады. Бүгінгі студент – ертеңгі ел намысын қорғап, оны биік асуларға бастайтын азамат. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ел болашағы жастар қолында» дегеніндей, еліміздің өрісі биік, экономикасы дамыған, құқықтық мәдениеті жоғары елдер қатарына қосылуы ертеңгі ел болашағы жастарға байланысты. Осы орайда біздің университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының жоғары білікті мамандарды даярлауда табанды еңбегі мол екендігіне дау жоқ. Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заман талабына сай өзінің сан жоспарлы даму тұжырымдамасын бекітіп, өз мақсаттарына нық сеніммен жетіп келеді. Атап айтқанда, ТМД елдері бойынша ең алғашқы болып PhD докторанттарын даярлап шығаруы, инновациялық жобаларды жүзеге асыруда жоғары көрсеткіштерге жетуі – біздің университеттің үлкен жетістіктерінің бірі. 75 жылдық мерейтойдың қарсаңында туған университетімізге бүкіл студенттер қауымы атынан жеңістерінің жемісін көруді тілейміз!

**Ғайни СЕРІМ,**
**Студенттер Сенатының төрайымы**

# Білім мен ғылымның Хан Тәңірі



Еліміздегі жоғары оқу орындарының қай-қайсысы болмасын ғылым мен білім беру саласында өз орны, өз деңгейі бар. Солардың бірі емес, бірегейі біздің әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті деп зор мақтанышпен айта аламын. Оған оқу орнының кешегі мен бүгінгі кемелді тарихы дәлел.

Білім мен ғылымның Хан Тәңіріне айналған ҚазҰУ-да оқу әрбір студент үшін үлкен абырой мен шексіз бақыт деп санаймын. ҚазҰУ-да жүрудің өзі адамға қанат бітіреді.

75 жыл уақыт аралығында бірнеше жақсы дәстүрлер қалыптасты, студенттердің өзін-өзі басқаруына, өнерлі, талапты жастар шығармашылығының шыңдалуына зор мүмкіндіктер жасалуда. Университет өміріне қатысты шараларды атқару барысында студенттердің өзін-өзі басқару мүмкіндігіне қол жеткізілген. Кәсіби біліммен сусындап қана қоймай, рухани құндылықтарды бойымызға сіңіру бағытына да аса зор мән беріледі.

ҚазҰУ-дың жоғары деңгейдегі университет екені талас тудырмаса керек.

ҚазҰУ әлемге әйгілі Оксфорд, Гарвард сияқты университеттердің дәрежесіне жететіне сенемін! Ал ол сенімді ақтайтын біз, қымбатты ҚазҰУ-дың студенті!

Нұрлы да шуақты ордам, мерей тойың құтты болсын! Мәңгі жаса, толағай табыстарға жете бер!

**А.ӨМІРБЕКОВА, "Сұңқар" студенттер кәсіподағының төрайымы**

■ *Жұлдыздар бізде қонақта...*

# Студенттік шаққа саяхат

***Студенттік шаққа саяхат жасау, жастық дәуренді еске алу, қайталанбас қызық күндердің бірі болып саналады. Бүгінгі күнде академик те, ғалым да, өнер жұлдыздары да бәрі де көктен түскен жоқ қой. Ол рас, бүгінгі әрбір маман бір үзім нанды бөлісіп жеп, жатақхананың есігінен шығып, тесігінен кіретін, емтиханды ойнақтап жүріп тапсыратын кешегі студент емес пе еді?! Сахна төрінде ән шырқап, әсем даусымен тыңдарманды ұйытып жүрген жұлдыздар студенттік кезеңді қалай өткерді екен? Жатақхана өмірін көрген, бар түйткілін көңіліне түйген сахна саңлағы екінші үйіміз жатақхана туралы не айта алар екен. Студенттердің "ұлттық тағамы" макарон дегенге қаншалықты сенімді екен? Сессия кезінде сағы сынған, қызық оқиғаның куәсі болған өнер иесі болды ма екен? Осы орайда Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойы мен «Өркен» жастар газетіне деген жүрекжарды лебіздерін тыңдап көрсек.***

**Рауан ӘКІМБАЕВ, продюсер:**

Мен үшін «студент» деген ұғымның өзі құпиясы тереңнен ашылмай жатқан қазына іспеттес. Гүл-гүл дәуреннің барлығы да сол бір шақтан бастау алады емес пе?! Сабақ кезінде ұйықтап қалу ең қызықты сәттердің бірі деп есептеймін. Сол ұйқының кесірі бізді деканның алдына дейін алып баратын сәттер болған. Ал "ұлттық тағам" макарон екеніне шүбәм жоқ. Ол студент үшін, қаржы тапшылығы кезінде ас атасы наннан да қымбат болып кетеді ме деймін. Студенттік кезеңнің қызығы әсте таусылған ба?! Тобымыздағы достарымызбен сегізінші наурыз мейрамын бөлімшеде қарсы алғанымыз әлі есімде.

Данышпанымыз әл-Фараби есімімен аталған ҚазҰУ-дың өтер өткелдері әлі алда деп ойлаймын. Ғасыр қойнауында білім кеңістігіне жол ашып отырған жайы бар. Жастарға тек алға деймін.

**Болатбек ДОСЫБАЕВ, әнші:**

Студенттер үшін армандар маусымы аяқталмайды. Қызықтың көкесі абитурент болып басталып, ортасы жатақхана, соңғысы диплом алып кеткенге дейінгі шақтың бәрі де қызығы мол кезеңдер ғой. Өзім де студент болып, жатақханада тұрып, қайталанбас кезеңдерді бастан өткергенмін. Өмірдің ыстығына төзіп, суығына тоңып жүрсек те, алуан түрлі қызығы болып тұрады. Студенттік кезеңнің қайталанбас сәттері естен еш кетпек емес. Басты орнымыз театр болғаннан кейін ең алғаш спектакль ойнап жүрген кезіміз. Ағайымыз өте қатал кісі болатын. Басты рөлдерде ойнайтынмын. Бір спектакльде нашақорлардың бастығы болып ойнауға тура келді. Өзімнің қатарлас досым Қанат деген жігіт өте күлдіргі болатын. Сахнада мен халыққа қараймын да, ал Қанат артқа қарап тұратын болған. Яғни екеуіміз бетпе-бет тұратынбыз. Оның бар ермегі бет-әлпетін сан түрлендіріп, мені күлдіру болатын. Мен шыдап тұрамын ба, күліп жіберетінмін. Ақыр соңында ұрысты мен еститінмін. Өнер жолында жүрген соң, алуан қызықтар болып тұрады екен.

ҚазҰУ-дың төрінде талай кештерге қатысып, қонақ болып, айтулы университеттің ажарын әнмен ашқан жайымыз бар. Жүзден жүйрік шыққан, білімнен кенде емес университет мерекесі құтты болсын! Жастар «Өркен» арқылы өркендесін деймін.

**Болат ЖОЛДАСОВ, "МузАрт" тобының мүшесі:**

«Студент» деген жас жеткін үшін ең киелі ұғым деп білемін. Менің студенттік өмірім, музыкалық сала, өнер жолы болғандықтан өте қызықты өтті. Студенттік шақтың адамды баурайтын жері жаңа достар табасың, араласасың, әр адамға деген көзқарас қалыптасады екен. Сонымен бірге оқытушылардың сабақ беруі өз алдына бір қызық. Жатақхана өмірін көрмесем де, достарыммен жиі барып тұратынмын. Бір-бірімен еркін араласып, әрқайсысында ұйымшылдық орнап тұратыны жасырын емес. Оған себеп, достарымның көбі өздері бірігіп, бір-біріне демеу болып жүрді. Сіз айтпақшы, расымен де, макарон – студенттердің ұлттық тағамы. Ең арзан, дәмді, тез пісе қалатын қасиеті тағы бар. «Ешкім келмей тұрғанда тез жеп алайық» деп асап аласың. Біраз қиыншылықтар болып тұратын сәт сессия кезі дер едім. Әйтеуір «Басқа түссе баспақшыл» демекші, қиыншылықпен тапсырып шығасың.

Студенттік өмірдегі қызықты оқиғалар әр қилы ғой. Ал соңғы сөзімде айтар болсам, ҚазҰУ-ды білмейтін адам кемде-кем шығар. Аумағы үлкен, көз алдыңа еркін жатқан бір шаһар елестейді. Оқуда да, өнер жолында да үздіктер сапында. Осы қарқыннан таймасын деймін. «Өркен» жастар басылымы, шығармасы шыңдалған жастардың бетке ұстар айнасы болсын демекпін.













**Ерлан Орынбасаров, әнші:**

«Студент» өз күшімен талпынып, «Ізденген жетер мұратқа» демекші, оқып-тоқып, өмірден өз орнын табатын маман. Осы кезең қандай сиқырымен тартады дегенге айтар болсам, кішкентай қаладан үлкен шаһарға аяқ басасың. Қаланы танып болмайынша талай адасып, дәрістен кешіккен кездерім болған. Бұл адамды баурап алатын, өзіндік құпиялы кезең десем артық айтқаным емес. Жатақхана өмірі өзіндік жастарымен айшықталатын орда. Үйде тұратын студенттер мен жатақхана студенттерінің айырмашылығы екі басқа әлем. Макарон студенттердің сүйікті тағамы. Онсыз студенттік өмірдің мәні де, сәні де жоқ деп ойлаймын. Шынымды айтатын болсам, 25 теңгелік атақты «Роллтонның» дәмі ауыздан әлі күнге дейін кетер емес. Бұл да болса, сол күндерден бір белгі секілді. Университет бітірердегі қызықты оқиғам әлі күнге есімнен кетпейді. Сәрсенбінің сәтті күні диплом қорғаймыз деп дайындалып жүрміз. Отызыншы мамыр, сенбі күні Тараз қаласында «Жұлдыздар нашақорлыққа қарсы» деген акция өтпек. Алдын-ала шақырылып қойғанмын. Неден қорқамын, сәрсенбі тапсырып, сосын концертке дайындаламын деп жүргенмін. Қызықты қараңыз, сәрсенбідегі диплом қорғау жұмысы сенбіге ауысты дегенде, не істерімді білмедім. Бармаған адам, баспаған тау қалмады. Не концерт, не диплом?! «Былай тартсам өгіз, былай тартсам арба сынады» деген мақалдың кебін кидім. Концертке бармайын десем, халыққа хабарлама жасап қойған. Қой неде болса, сағат ондағы емтиханға бірінші кірмек болып шештім. Топтағы студенттермен келісіп, бірінші кіріп, тапсырып шығайын дедім. Сенбі күні...Сағат он... Емтиханға бірінші болып кірдім, не айтқанымды құдай білсін, барымды салып, қорғап шықтым. Достарым «Қорықпай қалай кірдің?» деп жатыр. «Сиырға туған күн, бұзауға да туады» деп, әзілге басып, концертке аттандым. Сонымен концертке дәл уақытында келіп, халыққа өнерімді тарту еттім. Бір кезде топтағы басшымыз хабарласып, бес алғанымды айтқанда, қуанышымда шек болмады. Басқа салса бәріне үлгереді екенсің.

Негізінде менің армандаған оқу орным осы Қазақ ұлттық университеті болатын. Арманыма баланған оқу орны 75 жасқа толып, мерейі тасып, үздіктер қатарынан орын алып отырған жайы бар. Сондықтан рухы мығым болып, шаңырағы биіктей берсін. «Өркен» газеті келешек кемерінде журналға айналып, оқырманы көбейе берсін демекпін.

**Азамат САЛАБАЕВ, Дархан ТӨЛЕБАЕВ, "Ергар" тобының мүшелері:**

Біз жалпылама «Студент деген кім?» деген сұраққа жауап берер болсақ, қолына екі дәптер арқалаған, күннің жартысын ұйқымен, түнді күлкімен өткізетін білім майталманы деп білеміз. Студент болуға, керек десеңіз үлкен де, кіші де қызығады. Біз өзіміз үйде тұрғандықтан, жатақхана өміріне аса мән бермеппіз. Негізінде ата-анаңмен үйде тұрғанға не жетсін?! Мүмкін жатақханада тұрғанда қызықтың көкесі сонда дер ме едік? Біз үшін ол жағы екі дүрмек дүние болып тұр ғой. Студенттердің ұлттық тағамы макарон емес, нан мен майонез деп білеміз. Емтихан кезіндегі қиыншылық сәтте оқытушылар болып, декан болып, әйтеуір "Біріміз бәріміз үшін" деп алып шығатын сәттер болған. Қызық күндер толассыз зымырауда. Бастан өткен күлкілі сәт ойға оралып отыр. Бірде емтихан тапсыру кезінде бір бала құлап қалды. Жолда кетіп бара жатып, менен апайдың нөмірін сұраған болатын. Сол сәтте ойыма бір нәрсе сап ете қалды, оған өз нөмірімді беріп жібердім. Бір уақытта хабарласып тұр. Даусымды ұстазымыздың даусына салып, «Жерұйық» кафесіне 2000 теңгенді алып кел дедім. Айттым да, ұялы телефонымды өшіріп қойдым. Ертесі сабаққа келіп тұр, «Кеше апай алдап кетті, күтіп-күтіп шаршадым» дейді. Қызық өмір деп осыны айтсаңшы. Біздің студент жастарға тілейтініміз «Тек алға!».

**Бақтығали ҚОНЫСБАЕВ, әнші:**

Өнер жолында жүргендіктен, түрлі байқауларға барып, шалғайдағы қалаларды танып, достар тауып, аралас-құралас болып тұрдық. Мен үшін студенттік кезең, жарқын жылдарымен, көңілді думанымен қызықты болатын. Жаңа өнердегі достарым да айтып өтті. Бұл өмір тек жастық шақтың баға жетпес сыйымен ғана ұтымды. Жатақхананың да бір ерекшелігі өз алдына тәртібі, қызық күндері, аласапыран уақыт өлшемімен өз құпиясында жатса керек. Жастарға айтарым, білім мен өнер жолын ұштастыра біліңдер дегім келеді. "Өркен " газетінің шығармашылық жолы өзекті болсын.

**«Өркен» студенттер газетінің екінші нөмірін дайындаған**
**Жанат ҚАСЫМБЕКОВА**

Ровесники КазНУ

# Гальперин Роберт Израилевич



Гальперин Роберт Израилевич родился 13 июля 1934 года в г. Тамбове. Отец – военный врач, участник войн с Финляндией и Германией. Погиб на фронте Отечественной войны в 1942 г. Мать была учительницей.

В 1941 г. Р.И. Гальперин вместе с матерью был эвакуирован из г. Кингисеппа в родной Тамбов. Здесь он в 1952 г. окончил школу, после чего поступил в Ленинградский гидрометеорологический институт, который окончил в 1957 г. с дипломом инженера-океанолога. Работал на шести морях.

В 1958 г. по семейным обстоятельствам Р.И. Гальперин переведен на работу в г.Алматы и с этого момента трудится в качестве гидролога суши. Ему довелось трудиться и на оперативной работе в системе Гидрометслужбы КазССР, и на проектно-изыскательской (Каздорпроект), и заниматься наукой (Сектор географии АН КазССР, Казахский научно-исследовательский гидрометеорологический институт). В 1973-1976 гг. был в служебной командировке в Республике Куба, где участвовал в проектировании гидротехнических сооружений.

С 1977 г. работает на кафедре гидрологии суши КазНУ им. аль-Фараби: старшим преподавателем, доцентом, а с 1997 г. – в качестве профессора.

В 1970 г. Р.И. Гальперин защитил кандидатскую диссертацию, а в 1995 г. – докторскую по теме «Пространственно-временные колебания водного и ледового режима рек Казахстана». В 2000 г. был избран действительным членом Международной Академии «Экология».

Круг научных интересов Р.И. Гальперина: водные ресурсы, гидрологические расчеты, многолетние колебания климата и стока, наводнения, ледовый режим рек, гидроэкология. Он – автор более 150 научных работ, включая три монографии, 10 учебных пособий и методических разработок, конспекта лекций на китайском языке, научно-популярной книги «Гидролог». Участвовал в разработке научных тем ГКНТ СССР, АН СССР, тем фундаментальных исследований МОН и АН РК.

В разное время Р.И. Гальперин участвовал в работе различных советов, в работе Комиссии по госпремиям в области науки, техники и образования при Правительстве РК, являлся членом Международного научно-исследовательского центра по водным ресурсам и окружающей среде аридных и семиаридных зон (центр – в КНР).

В 1998-1999 гг. Р.И. Гальперин – заместитель декана геофака по магистратуре, а в 1999-2001 гг. он работал в Службе магистратуры КазНУ. Участвовал в разработке основополагающих документов по магистерскому обучению в масштабе Республики. В настоящее время Р.И. Гальперин – член редакционных коллегий научных журналов Вестник КазНУ (серия географическая) и Гидрометеорология и экология.

В 2001-2008 гг. приглашался для чтения лекций в Чанааньском университете (КНР, г.Сиань).

Награжден медалью Ветеран труда (1988 г.) и нагрудным знаком «Почетный работник образования РК» (2003 г.).

# Туркпен-улы Жолмухан



Туркпен-улы Жолмухан родился в 1934 г. в с. Шыбыл Енбекшиказахского района Алматинской обл.

В 1951 г. окончил СШ №18 им. Джамбула в г. Алматы.

В 1951-1952 гг. работал учителем начальных классов НСШ с. Красный Восток Енбекшиказахского района. С 1952 по 1957 год был студентом физико-математического факультета КазГУ им. С.М.Кирова. В 1957-1960 годы преподавал математику в школах. С 1960 по 1962 годы работал преподавателем кафедры педагогики и психологии Карагандинского пединститута. В 1962 году поступил в аспирантуру по специальности «Психология» КазГУ им. С.М.Кирова. В 1964 г. прервал учебу в аспирантуре и перешел на работу в центральный аппарат МинВуза КазССР в качестве старшего инспектора отдела науки.

В 1970 г. был назначен начальником Отдела подготовки и повышения квалификации научно-педагогических кадров. В 1973-1976 гг. заведовал кафедрой педагогики и психологии вновь организованного Талды-Курганского пединститута. В 1978-1979 гг. работал старшим преподавателем кафедры педагогики и психологии КазГУ им. С.М.Кирова. В 1979 г. назначен директором Алма-Атинского кинотехникума, где проработал до 1985 г. В 1985-1999 гг. работал доцентом, профессором, заведующим кафедрой общей психологии АГУ им. Абая.

Профессор Ж. Туркпен-улы работает на кафедре этнической и педагогической психологии КазНУ им. аль-Фараби с 2000 года, т.е. со дня основания кафедры. Им подготовлены и читаются на высоком научно-методическом уровне общие курсы «Общая психология», «Возрастная и педагогическая психология», «Методика преподавания психологии», «Психология высшей школы», «Психология общения», «Актуальные проблемы педагогической психологии», спецкурс «Психолого-педагогическое наследие профессора Т. Тажибаева» на казахском и русском языках. Им издан ряд учебно-методических пособий и программ по психолого-педагогическим дисциплинам.

Его основные теоретические интересы связаны с изучением психолого-педагогического наследия академика Т. Тажибаева. Практические научные интересы этого ученого охватывают проблемы профессиональной ориентации школьников.

Он является членом редколлегии нескольких научных сборников по педагогике и психологии и Республиканских периодических журналов «Ұлт тағлымы», «Балдырған», «Ізденіс». Ж. Туркпен-улы постоянно работает над повышением своей профессиональной квалификации (окончил ИПК при АПН СССР, Москва; ФПК при ЛПИ имени Герцена), активно участвует в общественной жизни университета. Им опубликовано 15 монографий и учебно-методических пособий, около 100 научных статей в области психологии и педагогики.

Всю сознательную жизнь Жолмухан Туркпен-улы посвятил воспитанию и обучению подрастающего поколения. За успехи в работе он награжден медалью «За доблестный труд», Почетными Грамотами Минобразования и Госкино, Нагрудным знаком «За отличные успехи в образовании СССР».

ҚазҰУ-дың құрдастары

# Төреғали Қаратайұлы Қаратаев



Қаратаев Төреғали Қаратайұлы 1934 жылы 8 мамырда Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданының Аққөл ауылында туған. Қарабұтақ орта мектебінде, Ақтөбе педагогика училищесінде, Қазақ Мемлекеттік университетінде оқыған. Бір жыл мектепте сабақ берген, екі жыл Казучпедгизде редактор болған. Профессор Қаратаев Төреғали 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітірген.

Профессор Т.Қ. Қаратаев 1962 жылдан бастап осы университеттің КПСС тарихы, саяси тарих, Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы кафедраларында оқытушылық қызмет атқарып келеді. 1974 жылы кандидаттық дәреже, 1995 жылы профессор атағын (ЖАК-тан) алған.

Жиырмадан астам кітап-кітапшалардың, екі жүзге тарта мақалалардың авторы. «Жүз жылдың ақкарасы» (1993), «Тарихтағы аттас тұлғалар» (2000) атты оқу құралдарын жазған.

2004 жылы «Кешеден келдім бүгінге» атты тарихи-танымдық, өмірбаяндық кітабы жарық көрді. «Жоғарғы мектептегі үздік еңбегі үшін» деген төсбелгінің иегері (1984). Өзі туып-өскен Әйтеке би ауданының (Ақтөбе облысы) құрметті азаматы. Тарих факультетінде 3 арнайы курс, 1 жалпы курс, дайындық факультетінде 1 жалпы курс оқыды.

Дәрістері мазмұнды, семинарлары тартымды. Факультеттің қоғамдық жұмыстарына белсене қатысып жүрді. Оқытушы болған жылдың ішінде сөгіс-ескерту алып көрген емес.

Профессор Т.Қ.Қаратаевты үлгілі ұстаз, білікті ғалым ретінде білеміз. Ол ҚазҰУ-дың тарих, журналистика, биология, жағрафия, химия факультеттерінде Қазақстан тарихынан, КПСС тарихынан дәрістер оқыған. Университеттің партномына мүше болып сайланған. Кафедра партия ұйымын басқарған. Диссертация қорғау Кеңесіне мүше болған.

Мәскеу, Ташкенттегі білім көтеру институттарында оқыған. Сонда ғылыми баяндамалар жасаған. Оның жетекшілігімен университетте бірнеше кандидаттық және магистрлік диссертациялар қорғалған.

2008-2009 оқу жылында Ә.Д.Сандықбаевамен бірігіп, дайындық факультетіне арнап, Қазақстан тарихынан «Атаулар сөздігін» әзірлеуге кірісті. Оған дейін оның редакциясымен «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы» (авторлары М.Б.Әмірханов., Ә.Д.Сандықбаева) оқу құралы жарық көрді (2006). Профессор Т.Қ.Қаратаев «Еңбек ардагері», «Жеңістің 60 жылдығы», «Батыр шапағаты Бауыржан Момышұлы», «Әлия Молдағұлова» медаль, төсбелгілерімен марапатталған.

# Алтай Сарсенұлы Аманжолов



Көрнекті ғалым-ұстаз Алтай Сарсенұлы Аманжолов 1934 жылы 2 маусымда Алматы қаласында дүниеге келді. Ол 1957 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін, МГУ жанындағы Шығыс тілдер институтын бітіріп, кейін аспирантурасына түсіп, 1963 жылы «Көне түркі жазу ескерткіштері тіліндегі етістіктің меңгеруі» деген тақырыпта кандидаттық диссертацияны ойдағыдай қорғады. 1957-1960 жылдары және 1964 жылдан бастап Қазақ ССР Ғылым Академиясында кіші ғылыми қызметкер болып істеді. 1966 жылдың маусым айында Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің ұйғаруымен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының қазақ тілі кафедрасына жіберіліп, 1979 жылдың қыркүйек айына дейін осында аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі қызметін атқарып келді.

А.С. Аманжолов – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1979-1995 жылдары жалпы тіл білімі кафедрасының меңгерушісі, ал, 1995 жылдың көкек айынан қазірге дейін жалпы тіл білімі кафедрасының профессоры.

А.С.Аманжолов – көрнекті тілтанушы, түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен көне түркі жазуы тарихының санаулы мамандарының бірі. Ғалымның түркі филологиясы мен тіл білімі бойынша екі жүзге тарта еңбегі жарық көрді (кейбіреуі ағылшын және түрік тілдерінде шетелде басылды).

1969 жылы Мәскеуде шыққан «Көне түркі ескерткіштеріндегі етістіктің меңгеруі» атты монографиясы мамандардың жоғары бағасына ие болды.

Оның ғылыми зерттеуінің нәтижелері оқу процесіне енгізіліп, лекциялық курстарда оқытуда пайдаланылады. А.С. Аманжолов филология факультеттерінің қазақ бөлімдері үшін 10-ға жуық бағдарлама мен 3 оқу құралын бастырып шығарды, орта мектептің 8-сыныбы үшін жаңа оқулық (қосалқы автор) дайындады.

Түркітанушы ғалым 18 филология ғылымдарының кандидатын, 2 доктор дайындады. Университеттің филология факультетінде диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары. 1978 жылдан профессор, 1990 жылдан Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау қоғамының құрметті мүшесі, 1995 жылдан Қазақстан Қоғамдық ғылымдар академиясының толық мүшесі, академик.

«Еңбек ардагері» медалімен (1988 ж.), «Құрмет» орденімен (1999 ж.), Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымының халықаралық сыйлығымен және Алтын медалімен (2000 ж.), «Қазақстан республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгісімен (2004 ж.) марапаталды.

# Жамалбеков Есбол Өсімбекұлы



Жамалбеков Есбол 1934 жылы 17 мамыр күні Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданы, Кершетас ауылында шаруа отбасында өмірге келді. 1951 жылы орта мектепті күміс медальмен бітіріп, сол жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің биология-топырақтану факультетіне оқуға түсті, оны 1956 жылы топырақтану мамандығы бойынша үздік бітірді.

Кең көлемде тың жерлерді игеруге байланысты тың өлкесіне жұмысқа жіберілді. 1959 жылы ҰҒА топырақтану институтына аспирантураға түсті. Ғылыми жетекшісі болып Одақ бойынша белгілі ғалым, мелиоративтік топырақтанудың негізін салушылардың бірі, а.ш.ғ.д., ҰҒА академигі профессор В.М.Боровский тағайындалды. Сол жылдан бастап Е.Жамалбековтың негізгі ғылыми жұмысы осы институтпен байланысты. 1959-1963 жылдар арасында Оңтүстіктегі шөл далада алғашқы болып ұйымдастырылған "Мақта-Арал" кеңшарының топырақ-мелиортивтік жағдайын зерттеді. 1965 жылдың басында Е.Жамалбеков ҰҒА топырақтану, ботаника және микробиология институттарының біріктірілген Ғылыми кеңесінде "Мақта-Арал" кеңшарының топырақ-мелиоративтік жағдайлары және оны жақсарту жолдары" тақырыбына ауылшаруашылық ғылымының кандидаты дәрежесіне диссертация қорғады. Одан кейін топырақтану институтына жаңа түскен өндірістік тапсырыс бойынша Е.Жамалбеков Маңғыстау түбегінің топырақ-мелиоративтік жағдайларын зерттеді, алыстан тасымалдауға шыдамайтын азық-түлікпен қамтамасыз ету және халық мекендеген жерлерді көгалдандыру мәселелерімен шұғылданды. 1966-1973 ж.ж. Е.Жамалбеков аға ғылыми қызметкер ретінде Маңғыстау түбегіндегі зерттеу жұмыстарын жалғастырды. 1973 жылдан Е.Жамалбеков топырақтану институтында жаңа ұйымдастырылған "Бүлінген жерлерді қайта құнарландыру" лабораториясының меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл саладағы ғылыми-зерттеу жұмыстары Маңғыстау өңірінен басқа Алматы, Оңтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан облыстарында өріс алды.

Е.Жамалбеков Академия Президентінің Құрмет Грамотасымен екі рет, Қаз ССР-нің Білім қоғамының, Қазақ табиғат қорғау орталық қоғамының Құрмет Грамоталарымен, 1970 жылы "Айбынды еңбегі үшін", 1984 жылы ҚСРО-ның Халық шаруашылық жетістік көрмесінің қола, 1986 жылы "Еңбек ардагері", 2004 жылы "Тыңға 50 жыл" медальдарымен марапатталды. 1992 жылы Маңғыстау өңіріндегі көпжылдық зерттеу нәтижелерін "Маңғыстау түбегінің жер ресурстарын мелиоративтік-экологиялық бағалау, тиімді пайдалану және қорғау" тақырыбына ауылшаруашылық ғылымының докторы дәрежесіне диссертация қорғады. 1995 ж Қаз МУ-дың ғылыми кеңесінің ұсынысымен Қазақстан ЖАК-ы профессор ғылыми атағы берілді. География факультетінде Е.Жамалбеков 1991 жылдан бастап ғылыми жұмысты ұстаздық жұмысын жалғастырып, факультетте қазақ бөлімінің ашылуына байланысты шақырылуымен сабақ бере бастады. Е.Жамалбековтің жетекшілігімен 3 кандидаттық диссертация қорғалды. Жеке және басқа авторлармен бірге 360-тан астам ғылыми еңбектері бар, оның ішінде 10 монография, 1 оқулық, 10 оқу құралдары.

## Цитируя гостей



**Асанали АШИМОВ, Народный артист Республики Казахстан:**

– Такие встречи со студенчеством нам, людям искусства, необходимы – они дают жизненную энергию и вдохновляют на новые идеи. КазНУ – это поистине мощный карашанырак, из поколения в поколение являющий нам выдающихся людей не только в науке, но и в искусстве. Я приглашаю молодых людей к познанию высокого искусства, национальной культуры, родного языка. И у меня большие надежды на молодое поколение: вполне ожидаю, что в будущем лучшие режиссеры и сценаристы выйдут из КазНУ.

*19 ноября 2008 г.*



**Дина АМАНЖОЛОВА, доктор исторических наук, заведующая кафедрой общественных наук Московского государственного университета сервиса (г. Москва, Россия), профессор:**

– Я начинала свою научную деятельность именно в этом университете. У вас очень сильная школа историков. Но, к сожалению, сегодня разорвано пространство научное, информационное, и мои контакты с казахстанскими коллегами не так часты как хотелось бы. КазНУ – ведущий вуз Казахстана, который известен далеко за его пределами. Как ученый-историк хочу пожелать дальнейшего развития и широких связей, которые были бы полезны как для ученых КазНУ, так и для ученых России.

*5 декабря 2008 г.*



**Михаил РОЗЕНБЛЮМ, профессор Института физики и астрофизики Потсдамского университета (Германия):**

– Считаю, что КазНУ имени аль-Фараби – это признанный и крупнейший в РК учебный и научный центр, обладающий огромным интеллектуальным потенциалом, сложившимся ядром вуза в лице его руководителей, ведущих преподавателей и сотрудников, материальными и гуманитарными ресурсами.

Желаю коллективу Казахского национального университета имени аль-Фараби больших творческих успехов в образовательной и научной деятельности. Уверен в том, что те реформы, которые вы сейчас проводите в университете, еще больше приблизят вас к европейским стандартам высшего образования и позволят сделать дипломы КазНУ конвертируемыми за рубежом.

*27 октября 2008 г.*

**По материалам Пресс-службы**

*Жүрекжарды*

# ҚазҰУ-да ұлық мереке

***Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойы тарихи жылнама тұрғысынан бір сәт қана болып көрінуі мүмкін, бірақ осы жылдар аясында атқарылған орасан істер мен баянды бастаулар жиынтығын алып қарасақ ғасырға бергісіз ұлағатты нәтижелердің өмірге келгенін байқар едік.***

Ұлттық Университетінің ресми ашылуы күнтізбек бойынша 1934 жылдың 15 қаңтары екендігі баршамыздың жадымызда болса керек. Содан бергі 75 жылдық уақыт пен кеңістікте өміршеңдігін танытқан Ұлттық Университеттен қанаттанып ұшқан тағылымды да талапты бітірушілерге өздерінің инемен құдық қазғандай жиған өнеге-білімдерін талмай дарытып келе жатқан оқытушы-профессор құрамына зор алғыстан басқа айтарамыз жоқ болар сірә.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің гүлдену кезеңінің бастауы өткен ғасырдың 60-90-шы жылдарына сай келді десек ақиқаттан алшақтамайтынымыз хақ. Білім беру, ғылым, мәдениет және қоғамдық өмірдегі ірі жетістіктерге сол 60-90 жылдары қол жеткізілді. Дәл сол кезенде елімізде «КазГУград» деген атауға ие болған бірегей университеттік қалашық бой көтерді.

Содан бері күні бүгінге дейін тұғырынан таймай университеттің «алтын қорына» айналып үлгерген көрнекті ғалымдар мен білім беру ісін ұйымдастырушы қайраткерлер қызмет атқарды және атқарып келеді.

Дербес тарихы сонау 1949 жылдан бері жазылып келе жатқан экономика және бизнес факультеті де университетіміздің абыройлы да мерейлі болуына өз үлесін қосып келеді. Біздің факультетте әлемдік экономикалық ілімнің мол мұраларын жалықпай зерделеп, ақыл-ой қазынасының кәусарынан мейлінше үлес алып, сол ізденістерінің жемісін халық игілігіне мұқият жаратып жүрген ғалым-ұстаздар баршылық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бүгінгі ұлық мерекесі құтты болсын! Университет ұжымының саналы да салиқалы ғұмыры, жемісті еңбегі жылдардан жылдарға жалғасып, ел игілігі үшін саналы қызметі парасаттылықпен ұштасып, білім-ғылым биігіне асқақтай берсін.

**М.С.Төлегенова,**
**экономикалық теория кафедрасының меңгерушісі**





# В университете большой праздник!

В связи со славным юбилеем КазНУ им. аль- Фараби мне, как человеку жизнью которого в течение 64 лет связана с университета, хотелось бы искренне поздравить весь коллектив университета с большим праздником!

Отрадно то, что университет идет в ногу со временем, откликаясь на все знаменательные события в жизни нашей молодой республики. Об этом свидетельствует то, что руководство университета поддерживает развитие новой специальности и нового направления в республиканской науке - специальности «международные отношения», по которой ведется подготовка специалистов—международников и дипломатов для республики. Я думаю, что молодой факультет международных отношений, которому всего 13 лет, будет продолжать подготовку специалистов и кадров высшей квалификации по данной специальности на благо нашей родины.

**Ж.У. ИБРАШЕВ,**
**ветеран КазНУ им. аль-Фараби, профессор кафедры международных отношений и внешней политики РК**

# Тарихты жастар жасауға тиіс

**«Бұл дүниеде ұмытуға болмайтын бір нәрсе бар. Егер сен басқаның бәрін ұмытып, бірақ соны ұмытпасаң, алаңдауға себеп болмас еді. Алайда, өзге істің бәрін жадыңда ұстап әрі жүзеге асырған болсаң, бірақ ең бастысын ұмыт кетсең, бұл түк бітірмегенмен барабар. Сен бұл өмірге мақсатты тірліктерді тындыруға келдің және алдағы міндетің де сол. Егер осыны орындамасаң, онда ештеңе істемегенің», – деген екен Жалал ад-дин Руми.**

Әр адамның өмірінде ешбір ұмытылмайтын сәттер болады. Мен үшін сондай сәттің бірі – ең алғаш әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетіне оқуға қабылданған кезім. Сонда мен қасиетті оқу орнының адам бойына құятын ғаламат қуатына қайран қалдым, әрі оны жүрегіммен сезіндім. Себебі, заңғар білім ордасы кез келген шәкіртінің көңіліне қанат байлатып, қиялына шабыт бітіріп қана қоймайды, үлкен өмір жолына сәтті қадам басуына жолдама береді. Осылайша журналистика факультетінің бакалавриат, магистратурасын үздік дипломмен аяқтағаннан кейін аспирантураға оқуға қалдырылдым. Еңбек жолым осы қара шаңырақтан бастау алып, әлі жалғасып келеді.

«Тарихты жастар жасауға тиіс» деген қазіргі заманның өршіл талабы бары рас. Сол сияқты биыл 75 жылдық мерейтойын атап өткелі отырған университетіміздің тарихы жастармен жасалған десек артық айтқандық емес. Қара шаңырақтың алғаш іргетасын қалаушылардан бастап қазіргі академик, профессор, ғалымдарымыз университет тарихын жасауға өз еңбектерін жастық шағынан бастап сіңіргені ақиқат. Яғни кеше мен бүгіннің сабақтастығы бұлжымас қағида.



Ғылым мен білімді жақсарту, сапалы маман даярлау жөніндегі Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен жасалып жатқан білім саласындағы игі өзгерістер әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының стандарттары мен даму перспективаларына сай келеді. Университет ректоры Б.Т. Жұмағұловтың басшылығымен жаһандастыру заманындағы өркениеттің жеделдігі, тәуелсіз елдің дамуы мен демократиялануы, еңбектің ғылымға негізделе құрылуы, жаңа технологияның тез өзгеруі секілді маңызды мәселелерге ерекше назар аударылып, университеттің білім сапасы мен құрылымында тың өзгерістер жасалуда. Себебі, білімді ұрпақ қана егеменді елдің жарқын болашағының кепілі бола алары сөзсіз.

Мемлекет тарихымен үндестікте қалыптасып, дамып келе жатқан университетіміздің басты өзгешелігі - өткен мен болашақ алдындағы жауапкершілікті ойда ұстай отырып, XXI ғасыр талабына сәйкес маман даярлау мен білім мен ғылым көкжиегін кеңейтуде жатыр.

Сондықтан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – бүкіл республика үшін ғылым мен білімнің ең ірі орталығы, әрі ғаламдық өркениеттің асқар шыңы. Тәуелсіз елдің инновациялық идеялары мен ғылыми технологиялық құндылықтардың да ордасы болмақ.

Иә, біздің Ұлттық университет – ұлттық дәстүрлерімізбен қатар, Шығыс пен Батыстың ең озық ғылымы мен білімін талғаммен бойына жиып, оны жас ұрпақ көкейіне сіңіріп келе жатқан рухани құндылықтар ордасы .

Университетімізді мерейтойымен құттықтай отырып, болашағың жарқын болсын қасиетті қара шаңырақ дегім келеді.

**Қарлығаш МЫСАЕВА,**
**журналистика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары**

▣ *Награды*

**ПОЛОЖЕНИЕ**
**о Большой золотой медали «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін»**



Лицевая сторона    Оборотная сторона

1. Настоящее Положение определяет порядок награждения Большой золотой медалью (далее – Большая золотая медаль) «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» (Большая золотая медаль «За выдающийся вклад в развитие КазНУ имени аль-Фараби»).

2. Большой золотой медалью награждаются граждане Республики Казахстан – **преподаватели и сотрудники Казахского национального университета имени аль-Фараби, внесшие выдающийся вклад в развитие КазНУ им.аль-Фараби и имеющие стаж работы в университете не менее 25 лет** в календарном исчислении.

Большой золотой медалью могут быть также награждены иностранные граждане и лица без гражданства **за выдающийся вклад в активизацию международной научной деятельности, укрепление дружбы между странами и развитие интеграционных процессов в научно-образовательной сфере.**

3. Большой золотой медалью награждаются ежегодно не более 1-го человека, а в юбилейные годы (75, 100, 125-летие...) не более 15-ти человек.

4. Награжденным сотрудникам КазНУ имени аль-Фараби устанавливается доплата к ежемесячному должностному окладу в размере 10 МРП.

5. Награждение Большой золотой медалью осуществляется Приказом Ректора университета **на основании решения Ученого совета факультета** либо по представлению Первого проректора.

6. Вручение Большой золотой медали производится ректором университета в торжественной обстановке. Медаль вручается награжденному лично.

7. Каждому награжденному одновременно с вручением Большой золотой медали выдается соответствующее удостоверение (Приложение 1).

8. Большая золотая медаль носится на левой стороне груди. При наличии государственных наград она располагается после них.

9. Учет произведенных награждений, а также отчетность о ходе вручения Большой золотой медали ведется отделом по кадровой работе.

**ПОЛОЖЕНИЕ**
**о Серебряной медали «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін»**



Лицевая сторона    Оборотная сторона

1. Настоящее Положение определяет порядок награждения Серебряной медалью (далее – Серебряная медаль) «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» (Серебряная медаль «За особые заслуги перед КазНУ имени аль-Фараби»).

2. Серебряной медалью награждаются граждане Республики Казахстан –**преподаватели и сотрудники Казахского национального университета имени аль-Фараби за особые заслуги** перед КазНУ им. аль-Фараби и имеющие стаж работы в университете **не менее 15 лет** в календарном исчислении.

Серебряной медалью могут быть также награждены иностранные граждане и лица без гражданства **за особые заслуги в укреплении межвузовского сотрудничества.**

3. Серебряной медалью награждаются ежегодно не более 3-х человек, а в юбилейные годы (75, 100, 125-летие...) не более 30-ти человек.

4. Награжденным сотрудникам КазНУ имени аль-Фараби устанавливается доплата к ежемесячному должностному окладу в размере 5 МРП.

5. Награждение Серебряной медалью осуществляется приказом Ректора университета на основании решения Ученого совета факультета либо по представлению Первого проректора.

6. Вручение Серебряной медали производится ректором университета в торжественной обстановке. Медаль вручается награжденному лично.

7. Каждому награжденному одновременно с вручением Серебряной медали выдается соответствующее удостоверение (Приложение 1).

8. Серебряная медаль носится на левой стороне груди. При наличии государственных наград она располагается после них.

9. Учет произведенных награждений, а также отчетность о ходе вручения Серебряной медали ведется отделом по кадровой работе.

*(Утверждено приказом ректора КазНУ им. аль-Фараби №9 от 20.01.2009 г.)*



# Мерейтой мерекелі, мерейің үстем болсын, қадірлі Университетім!!!

**Қазақтың бірден бір белді оқу орны, қазақ білім ордасының қарашаңырағы болып табылатын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық мерейтойына орай аз да болса өз ықыласымды білдіріп, қуанышымен құттықтауға қолыма қалам алған сәтімде, іште жатқан көп адамға білдіре бермейтін сезімдерім бойымды билеп, қатты толқыныс, ыстық ықылас әлдилеген күйде болдым.**

Осы университет қабырғасында білім алсам деген арман сонау бозбала кезімде-ақ алға жетелеп, Алматы қаласына сан келген едім, алайда, тағдырдың жазуы болмады ма, дәм бұйырмады ма, "Әл-Фараби студенті" атануға қол жеткізе алмай біраз жыл өткізіп алдым. Мені осынау оқу орнына құштар қылған нәрсе – онда бала кезден өзім ынтық болып жүрген, соны білсем-ау деген, мен үшін тылсым дүние болып келген араб әлеміне даңғыл жол салынып, университет құрамында жеке факультет ретінде бой көтерген шығыстану факультетінің ашылуы. Сол факультеттің бой түзеуіне негіз болған ата-бабамызға ежелден етене болған, "ежелеп" еңбектенуді талап ететін араб тілінің тұңғыш рет Қазақстанда оқытылуы еді. Ең алғаш факультеттің ашылғанын, ол жерде әр түрлі тілдер оқытылатынын, студенттердің шет елдерде тілдік машықтанудан өте алатын мүмкіндіктері бар екенін Отанымыздан шалғайда, әскери борышымды өтеп жүрген кезімде, бір жерлесімізге келген сәлем-сауқат арасынан шыққан газет бетінен танысып, сол кезден бері қазақтың шоқтығы биік университеті табалдырығынан аттасам деген арман шоғы кеудемде тұтанған еді. Жыл өткен сайын сол шоқ маздай түсіп, жалындап жаныма жігер беріп, ақыр соңында "Әл-Фараби атындағы университеттің студенті" деген тілдей қағаз менің асыл арманыма, мұрат еткен мақсатымның біріне жеткеніме куәлік еткен кезде, төбем көкке жеткендей болғаным рас.

Бастапқыда университеттің өз елімізде, қоғамымызда алатын орны жайлы жете түсініп, санама сіңдіре бермесем де, жыл өткен сайын көңілімде осындай көшбасшы оқу орнында студент болып, дәріс алып, терең білім нәріне қанғанымды мақтаныш тұтып, қазіргі күні қай-қай жерде болса да соны алға тартып марқайып жүремін.

Басқа-басқаны айтпағанның өзінде, университетіміздің мәдениет саласында алатын орны да ерекше, өйткені қоғамымыздағы көптеген мәдени шараларға атсалысып, еліміздің мәдени даму жолын қалыптастыруда еңбегі зор деп бармағымызды бір бүксек, әлемнің 400-ден астам беделді оқу орындарымен қарым-қатынас жасап, Еуропа, Америка, Азия, Африкада орналасқан елдердің жақсы жақтарын елеп алып, олардың мәдени тоғысуының орны болып отырғанын айтып, екі дейміз.

Саясат саласына келер болсақ, университетіміздің үлесі бұл салада да өте көп. Себебі, еліміздің саяси ұстанымдарын қолдап, халқымыздың өрен ұл-қыздарының саяси ұғым-пікірлерін қалыптастырып, белгілі саясаткер тұлғаларды шыңдауда қажырлы еңбек етіп келеді.

Еліміздің экономикасына қосқан саласын тілге тиек етер болсақ, көптеген тұлғалар да осы шаңырақ астынан түлеп ұшқан еді. Басқа басқаны айтпағанның өзінде, бір ғана академик, экономика ғылымдарының докторы, профессор, арамыздан жуырда кеткен Яхья Аубакирұлы Аубакировтың еліміздің экономистер керуенін жетелеп, солардың ұлғатты ұстазы болғанын айтқанымыздың өзі-ақ көп нәрсені аңғартып өтеді.

Қоғамымыздағы көп нәрсеге де ҚазҰУ-дың тірек болғаны оның еліміздегі әлеуметтік орнының айрықша екенінің дәлелі болмақ.

Ерекше айтып өтеріміз, халқымыздың белделді де белгілі тұлғаларының көбі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде білім алған, осы арадан қанат қаққан түлектер болғанының өзі неге тұрады. Оның бәрін санамалап отыруды қағаз беті көтермес деп ойлаймын.

Бір адамның ғұмырындай дәуірде талмастан, танбастан білім нәріне сусағанды қандырып, керегесін кең жайып, қаншама адамның дарынын ашып, жанына медеу болып отырған қадірлі Университетімізге шын көңілден игі тілектер жолдай отырып, Мерекең құтты болсын демекпін. Мерейтойың мерейлі болсын, Қара шаңырақ!!!

**Б.Қ.САРПЕКОВ,**
**арабтану кафедрасының аға оқытушысы**

▣ *Цитируя гостей*



**Юрий ВАВИЛОВ, доктор физико-математических наук, профессор Физического института им. П.Н. Лебедева Российской Академии наук (г. Москва):**

– С вашим замечательным университетом у меня давние научные и творческие связи. Наше сотрудничество с лабораторией вариаций космических лучей (ЛВКЛ) физического факультета тогда еще КазГУ, а теперь КазНУ, начатое еще в 60-х годах прошлого столетия директором Долгопруденской научной станции Физического института им. П.Н. Лебедева РАН доктором физико-математических наук, профессором Юрием Ивановичем Стожковым, продолжается более 40 лет. Мы совместно проводим стратосферное зондирование потоков космических лучей, и на протяжении 30 лет участвуем в совместных научных антарктических экспедициях. Сотрудники ЛВКЛ вашего университета проходят стажировку на научной станции Физического института им. П.Н. Лебедева РАН, у нас очень много совместных с КазНУ им. аль-Фараби научных публикаций и исследований. Хочется поблагодарить ученых крупнейшего и старейшего университета Казахстана за долгосрочность наших научных связей и выразить уверенность в незыблемости и плодотворности нашего научного сотрудничества.

*24 декабря 2008 г.*



**Наталья АРИНБАСАРОВА, заслуженная артистка РСФСР и Казахстана (г. Москва, Россия):**

– Мне сделали небольшую экскурсию по вашему университетскому городку. Гордость охватывает за Казахстан, где есть такое удивительное учебное заведение как КазНУ. Я рада была посетить этот великолепный храм науки и культуры. Я вижу здесь сохранились замечательные культурные традиции. И хочу сказать молодым друзьям, что если Бог дал счастье учиться в таком красивом и престижном университете, то надо прилагать к учебе все усилия.

*19 ноября 2008 г.*



**Ямада КИОСИ, исполнительный директор Университета Токай (Япония):**

– Меня поразил ваш университетский городок – красивейший комплекс у подножья прекрасных горных вершин. Я познакомился с руководителями вашего университета и хотел бы отметить их очень хорошие лидерские качества. Чувствуется по руководству университета, что для развития страны этот вуз очень важен. Нам хотелось бы построить очень хорошие и крепкие отношения между нашими университетами.

*5 января 2009 г.*

**По материалам Пресс-службы**

## Дәуір сабақтастығы


1982 жылғы «Правда» газетінің жүлдесі үшін студенттер арасында ұйымдастырылған кросс


Қарапайымдар әрқашан Елбасының назарында


Әл-Фараби ескерткішіне тағзым


Бүгінгі жатақхана Студенттер үйіне айналған


ҚазҰУ дәстүрден айнығанжоқ


1985 жыл, караша


Кешегі жатақхана


Бүгінгі дәріс залы


Заң факультетінің оркестрі, 1980 жыл


Университеттік «Фараби сазы» оркестрі


Эстрадалық миниатюраларй студенттер театры


Қазіргі «Біз» студенттер театрының «Т(ой)» қойылымы



ҚазҰУ түлегі, Бейжін олимпиадасының күміс жүлдегері Асхат Житкеев. 2008 жыл



1985 жылғы «Достық» фестивалі


ҚазҰУ-дың «Менің Қазақстаным!» дәстүрлі фестивалі


Надежда Ольхова, Олимпиада ойындарының екі дүркін жеңімпазы. 80-ші жылдар

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – **Дәрмен СМАЙЫЛ;**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА;**
Бөлім меңгерушісі – **Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ,**
Кезекші редактор – **Жанат ҚАСЫМБЕКОВА**
**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,**
Көркемдеуші-беттеуші - **Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;**
Фототілші – **Олег СПИВАК**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**
**480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.**
**Байланыс телефоны:**
**47-29-29, ішкі: 11-94,**
**тікелей: 47-05-67.**

Газет редакцияның компьютер орталығында терілді, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел: 8 (727) 2-93-09-09

**Бағасы келісім бойынша.**
**Таралымы – 2000 дана.**
**Көлемі 2 б.т.**
**Индексі 65989.**
Тапсырыс 62

- **Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.**
- **Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**
- **«Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.**